

ПАРЛАМЕНТТЕ ЖҰМЫСТЫҢ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІ ЕНГІЗІЛЕДІ

2-бет



ОТАНДЫҚ ДӘРІ-ДӘРМЕК КОМПАНИЯЛАРЫ ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ

4-бет




ҚАЗЫНАНЫҢ МҮЛКІН ПАЙДАЛАНАТЫН «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» ТАПҚАН ТАБЫСЫН ХАЛЫҚПЕН НЕГЕ БӨЛІСПЕЙДІ?

3-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №13 (987) 04.04.2022 jyl


# АРАЛАС МЕКТЕП ЖАУ ДАЙЫНДАЙДЫ



Орыстілді қазақтар – қазақты жек көргеннен, немесе жақсы көргеннен орысша сөйлемейді. Олардың мүддесі – солай қалыптасады. Ал өмірлік мүдденің қасында, жақсы көру, жек көру дегендеріңіз түк емес. Олардың жау болып шығатыны содан. Тіліңді, күйіңді, әніңді, жаныңды, уайым-қайғыңды, сырыңды, қиналысыңды, қуанышыңды түсінбесе, жау болмағанда несі қалды.

Ертеректе ойлаушы ем: «Орысша оқығандар жат болып кетеді» деп. Осы түсінік – мүлдем қате екен. Орысша оқығандар жат қана емес, жау болып кетеді екен. Бүгінгі аласапыран, алмағайыпты тірлігіміз мұны анық көрсетіп отыр. Басқыншы тілінде оқып, жетілгендердің некен саяғы ғана туған халқын жақсы көруі мүмкін. Ал басым көпшілігі... бөтенге, жатқа, жауға айналады. Бұған талай рет көзім жеткен.

3 бет



## АҚПАРАТТЫҢ АҚ «ВОЛГАСЫ»

КазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсетіндердің өзіндік ерекшелігі болады. Олар абитуриент кезінен бір-бірімен таныс-білістігін байқата бастайды. Өйткені, көпшілігі – оқушы кезінен қолына қалам ұстаған өрендер.

8-9 бет



# ЕЛ ІРГЕСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ БЕКІТЕДІ

Енді қай жерде, қалай орыс тілінің ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатының айтайын. Олар мемлекеттік ұйымдар – азаматтық заңдарда көрсетілген атап айтсақ: мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, шаруашылық серіктестіктер акционерлік қоғамдар басқаша айтқанда құрылтайшысы меншік иесі мемлекет болатын компаниялар мен заңды тұлғалар, және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мәслихаттар.

7 бет



## ҰЛАҒАТ ҮСТЫНЫ ЕДІ

14 бет

# МАСШТАБНАЯ РЕФОРМА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ

В ноябре 2020 г. президент Касым-Жомарт Токаев заявил: «Поспешность в этом деле может нанести ущерб всей нашей культуре и исторической идентичности. Проблема заключается не в переходе с кириллицы на латиницу, а в том, что осуществляется масштабная реформа казахского языка. Надо учитывать и финансовую сторону вопроса».

10 бет



# ПАРЛАМЕНТТЕ ЖҰМЫСТЫҢ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІ ЕНГІЗІЛЕДІ

**Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауының негізгі бағыттарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі төменгі Палатаның атқарып жатқан жұмыстары туралы мәлімет берілді.**



Мәжіліс төрағасының айтуынша екінші сессия басталғалы бері Мәжіліс депутаттарының қарауына 96 заң жобасы түскен және оның 53-і мақұлданып, Сенатқа жолданған. Сонымен қатар, Мәжіліс төрағасы Парламенттің төменгі палатасы жұмысының жаңа форматтары туралы айтты. Депутаттар енді өз жұмыстарында ашықтықты арттыруға, парламенттік мәдениетті нығайтуға және халықпен арадағы ықпалдастықты күшейтуге баса мән береді. Қоғамдағы өте маңызды мәселелер бойынша парламенттік тыңдалымдар мен басқа да іс-шаралар жиі өткізілетін болады. Парламенттің төменгі палатасында азаматтардың өтініштері мен талап-тілектеріне, соның ішінде депутаттардың өңірлерге сапары барысында көтерілген мәселелерге қатысты жұмыстың жаңа тетіктері енгізіледі. Мәжілісмендер жергілікті жерлерде сайлаушылармен тұрақты кездесулер өткізеді. Бұл Парламент пен халық арасындағы байланысты арттыра түседі.

# ҚАЗАҚСТАНҒА АГРАРЛЫҚ БАНК ҚАЖЕТ

**Қазақстанға шаруалар мен диқандарға арзан әрі ұзақмерзімді несие беретін аграрлық банк керек . Осындай бастама көтерген сенаторлар отандық ауыл шаруашылығы секторына қаржылай көмекті күшейтуді сұрады.**



Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытуға өте қолайлы болғанымен, Үкімет соны толық пайдалана алмай отыр дейді депутаттар. Минералды тыңайтқыштардың қымбаттығы, суармалы жерлердің нашарлығы, кәріз жүйесінің тазартылмауы сияқты мәселе шаш етектен. Сондықтан тұқым салғанға дейін басталатын мәселелерді оңтайлы шешу үшін ауыл шаруашылығын қаржыландыратын салалық банк ауадай қажет деп есептейді. Бірыңғай экономикалық кеңістікте жұмыс істеуде бірдей жағдай жасау және еліміздің азық-түлік қаипсіздігін қамтамасыз етуде отандық шаруалардың бәсекелес қабілетін арттырып, арзан ұзақ мерзімді несие беруі үшін салалық банк керек. Осы кезге дейін Парламент қабырғасында бірнеше рет көтеріліп, бірақ шешімін таппай келе жатқан бұл маңызды мәселені арнайы қарау аса қажет. Оның оң шешілуін еліміздегі бүкіл шаруалар күтіп отырғанын атап өтті сенатор Мұрат Бахтиярұлы.



# ҚҰНЫҚҚАН ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

**Банктің қаржысын қалағандарынша жымқырып, оңды-солды шашқан «Delta Bank» топ-менеджерлеріне қатысты ұзаққа созылған тергеу аяқталып, қылмыскерлер лайықты жазасын алу үшін іс сотқа жіберілді.**

«Н.Тілеубаев («Forbes» журналының нұсқасы бойынша Қазақстанның ең ықпалды бизнесмендері рейтингіне кірген) 2012-2017 жылдары аралығында қасақана қайтарымсыз несие беру арқылы банк қаражатын шығарған. Тергеу барысында күдіктілер мен олардың жақын туыстарының құны 48 млрд. теңгеден асатын 5 қант зауыты, 20-дан астам жер учаскесі, 70 жылжымайтын мүлкі және 40 автокөлік құралы бұғатталды», - деді агенттіктің ерекше маңызды істер жөніндегі тергеушісі Салтанат Көшербаева. Сонымен қатар оның атап өтуінше, күдіктілердің Біріккен Араб Әмірліктеріндегі, Ресей Федерациясындағы, Латвия мен Чех Республикаларындағы активтері бұғатталып отыр. «Қылмыстық әрекеттен келген шығын 200 млрд-тан астам теңгені, 200 млн. долларды және 4 млн. еуроны құрайды. Қазіргі уақытта қылмыстық іс сотқа жіберілді. Іс фигуранттары қамауға алынды», – деді ол.

# СУ БАСУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

**ҚР Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин елімізде су басу қаупі бар өңірлерді атады. Оның айтуынша биыл елімізде 157 елді мекенді су басу қаупі бар. Павлодар аймағында еріген қар суы көп балалы отбасының үйін басып, Атырау облысы Сағыз ауылында Ноғайты өзенінде су деңгейі көтеріліп, су басу науқаны басталып кетті.**

«Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облысында таяудағы аптада күн күрт жылиды деп күтілуде. Сәйкесінше бұл қардың еруі мен сең жүруге ықпал етеді. Осы орайда жоғарыда аталған өңірлерге қарасты 157 елді мекенді су басу қаупі бар», - деді Юрий Ильин Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Сондай-ақ, министр еліміздің оңтүстік өңіріндегі жағдайға тоқталып өтті. Түркістан облысының оңтүстігі мен таулы аудандарында, Жамбыл облысының солтүстік-шығысында, оңтүстігінде, таулы аудандарында, Алматы облысының оңтүстігінде және тау бөктерлерінде қатты жауын-шашынға байланысты қар көшкіні және су тасқыны болуы мүмкін. Ведомство басшысының айтуынша, ауа райы қолайсыздығы салдарынан болатын төтенше жағдайдың алдын алу шаралары күнделікті жүріп жатыр және бақылауда.



# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ БАСТЫ НАЗАРДА

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен білім беру жүйесін қайта форматтау және экономиканың қажеттіліктеріне сай кадрлар даярлауды қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өтті.**

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» әзірленіп, ол 2020 жылы бекітілді. Құжат 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасына енгізілген. Атлас 9 басым бағыт бойынша жүзеге асырылады. Қазақстанда жойылып бара жатқан 129 мамандық тіркелген, 95 мамандық трансформациялау барысында 239 жаңа мамандық пайда болды.

2022 жылы ҚР жоғары оқу орындары 91 инновациялық бағдарлама әзірледі, 2025 жылға қарай оны 200-ге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар техникалық даярлау бағыттарына мемлекеттік тапсырыстың үлесі 60%-ға дейін ұлғайтылды. Биыл Қазақстанның 406 өнеркәсіптік кәсіпорны 406 ТКББ колледжін қамқорлыққа алған. Олар оқушылардың өндірістік практикадан өтуіне жағдай жасайды және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша өздеріне белгілі бір міндет алады. Колледждерде техникалық даярлау бағыттарына мемлекеттік тапсырыс үлесі 40%-дан 70%-ға дейін ұлғайтылды.

# ЗАҢ ӘЛСІЗДІГІ МЕМЛЕКЕТТІ ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАТТЫ

**«Стартап» атын жамылып мемлекетті сүлікше сорған бес майнинг компаниясы Үкіметтен 8 жарым миллиард жеңілдік алып келіпті. Ал заңсыз жұмысын IT-стартаптар технопаркі басқа емес, тура – Astana Hub-тың ішінде іске асырған.**



Бұл былықты Есеп комитеті «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуын тексеру барысында анықтады. Бірақ елдің цифрлық дамуына жауапты министр Бағдат Мусин олармен соттасуға қауқарсыз екенін мойындап отыр. Оның айтуынша Astana Hub-та 574 қатысушы тіркелген. Олардың бесеуі майнингпен айналысқан. Криптовалюта өндірумен айналысқанын дәлелдеу қиын екен.

Министр айтқан бес ұйым стартап-компания болып тіркелген. Осылайша былтыр 8 жарым миллиард салық жеңілдіктерін, кеңсе жалдау сияқты басқа да стартап жобаларға берілетін қолдауға ие болған. IT мамандары заңның ескерусіз қалған тұсын өз пайдасына асырыпты. Ал цифрлық даму министрлігі активтерді басқару, тексеру туралы заң жобасын кеш болса да Парламенттен өткізген. Енді ол президент қол қойған соң күшіне енеді. Есеп комитеті дер кезінде заңсыз тірліктің алдын ала алмаған цифрлық даму министрлігін кінәлап отыр. «Майнинг технопарктің негізгі мақсаты мен міндетіне жатпайды. 2021 жылдың үш тоқсанында оларға 8 жарым миллиард теңге салық жеңілдігі берілді. Негізі оларға берілмеуі керек еді. Бірақ заңнама шектеу қоймайды. Олар соны пайдаланған. Бұл цифрлық даму министрлігі тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетіп отыр» дейді Есеп комитетінің өкілі Ақылбай Ыбыраев.

# ЖЕТПІС ЕКІ ЖАСҚА ЖАЯУ МАРАФОН ЖҮК ЕМЕС

**Ұлытаулық 72 жастағы қарт жаяу марафонға аттанды. Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығының қызметкері және еңбек ардагері Сәрсенбай Қотырашов Қазақстанның кең байтақ даласын жаяу жүріп өтпекші.**



Қарашаға дейін 72 жастағы ақсақал бүкіл елді аралап, қолданбалы өнер шеберлерімен кездесіп, өзге өңірлердің тұрғындарын Ұлытау ауданының тарихымен және киелі жерлерімен таныстырмақ. Ол күніне 40 шақырым жол жүруді жоспарлап отыр. «Ұлытауға бардың ба?» деп аталатын жаяу марафонға шығар алдында Сәрсенбай Қотырашов «Ұлытау» мұражай-қорығындағы әріптестерімен кездесіп, өз бағытымен бөлісті. «Мен жеті жыл бойы жаяу марафонға дайындалдым. Менің мақсатым – қолөнер шеберлерімен кездесіп, қазақ халқын Ұлытау тарихымен таныстыру. Соның ішінде «Көкмайса» фестивалін насихаттау да бар. Мен Қазақстанның барлық өңірлерін аралап өтуді жоспарлап отырмын. Қызылорда, Түркістан, Шымкенттен бастаймын. Әрі қарай Тараз, Алматы, Талдықорған қалаларына жол тартамын. Қазақстандағы үздік қолөнершілерінің тізімін жасағым келеді. Менің бүкіл бағытым әлеуметтік желілерде жарияланады», – дейді саяхатшы.

# АРАЛАС МЕКТЕП ЖАУ ДАЙЫНДАЙДЫ




**Басқыншылар әртүрлі амалға салып Елімізді отарлады. Енді ежелгі иесін түгел жою керек, оған көнбесе, сіңіріп алу керек. Яғни орыстандыру қажет. Басқыншының бар мақсаты – осы.**

Осынау түпкілікті мақсатқа жету үшін күрестің неше түрлі әдісін қолданады. Бұл арам әдістің түрі көп. Санап тауыса алмайсың. Солардың кейбіреулерін ғана айтайын. Арнайы жарлық шығады. Құпия. Түркі халықтарының ішінде тым арда, асау болғандықтан қырым татарларын, қазақтарды, ноғайларды мүлдеп жойып жіберу керек. Бұл жарым-жартылай іске асқан. Мәселен, қырым татары ертеректе орыстардан шамалы ғана аз болған. Ал бүгіндері ондай халық барын екінің бірі біле бермейді. Жерлердің, елді мекендердің атын жаппай орысша қою. Бұл да құпия бұйрық. Егер орысша атауға көнбесе, жергілікті атауды міндетті түрде орысшаға аударып қою. (Көкшетау-Синегорья, Жетісу-Семиречье. Осы Семиречье деген бәле Төлебаев пен Абайда әлі тұр. Алматының қақ ортасында.) Бұл да кәдімгідей жүзеге асты. Дінінен айырып, шоқындыру. Бұл да біраз жұртта іске асты.

Ең қауіптісі – тілінен айыру. Тілінен айырылса, халық ретінде құриды. Содан орыс тілінде оқытатын мектептер аша бастайды. Басқыншылардың бір іскер де пысық қолшоқпары (Кауфман ба, атын ұмыттым.) ылғи қазақ балалары оқитын сыныпқа кіріп, сабаққа қатысады. Балалар сабақты жақсы оқиды. Орыс тілінде сайрап тұр. Содан үзілісте, ойындарын бақылайды. Жаңағы сабақта орысша сөйлегендер, ойнап жүргенде тек қана қазақша сөйлесіп ойнайды. «Бұл қалай?» деп ойланып қалады. Әккі неме ақыры айла табады: қателік екен – бөлек оқытқан. Орыстармен аралас оқыту керек. Сол ұсынысын жоғарыға жіберіп, ендігі жерде мектептер жаппай аралас болады. Араға уақыт салып, әлгі әккі неме тағы да балаларды ойнап жүргенде бақылайды. Бәрі де басқыншы тілінде сайрап тұр. Ойнағанда да сол тілде шүлдірлеп, мәз. Міне, араластың неге әкелетіні!

Осы сұмдықты күнде көріп жүрміз. Ауладағы он бала қазақ кластарында оқып жүрген шәкірт болса, үшеу-төртеуі ғана басқыншы тіліндегі кластардан болса, осының өзі бүлдіруге жетеді, жаңағы балалар тегіс басқыншы тілінде сөйлеседі. Себебі, Астана мен Алматы – басқыншы тіліндегі қалалар. Тіпті, қазақшаны жап-жақсы білетін үлкендердің арасына бір шала білетін қазақ кірсе, бәрі дереу сол басқыншы тілінде сөйлесе бастайды. Сондықтан, ашығын айтқанда, аралас мектеп – өзімізге өзіміз жау дайындайтын бәлелі орта. Астана мектептерін арнайы аралап, көз жеткізген сұмдығым – бұл.

Орыстілді қазақтар – қазақты жек көргеннен, немесе жақсы көргеннен орысша сөйлемейді. Олардың мүддесі – солай қалыптасады. Ал өмірлік мүдденің қасында, жақсы көру, жек көру дегендеріңіз түк емес. Олардың жау болып шығатыны содан. Тіліңді, күйіңді, әніңді, жаныңды, уайым-қайғыңды, сырыңды, қиналысыңды, қуанышыңды түсінбесе, жау болмағанда несі қалды.

Ертеректе ойлаушы ем: «Орысша оқығандар жат болып кетеді» деп. Осы түсінік – мүлдем қате екен. Орысша оқығандар жат қана емес, жау болып кетеді екен. Бүгінгі аласапыран, алмағайыпты тірлігіміз мұны анық көрсетіп отыр. Басқыншы тілінде оқып, жетілгендердің некен саяғы ғана туған халқын жақсы көруі мүмкін. Ал басым көпшілігі... бөтенге, жатқа, жауға айналады. Бұған талай рет көзім жеткен.

Алматы қаласында мемлекеттік 207 мектептің жетпісі – аралас мектеп, алпыс төрті - орыс мектеп. Ал қазақ мектебі - жетпіс қана. Аралас пен орысты қосқанда, 134 екен. Сонда қазақ мектебінен екі есеге жуық көп болып тұр. Аралас мектеп жау дайындайтынын айттық. Аралас мектептің барынан жоғы жақсы.

Аралас мектепте оқитындар дүбара болып қалады деген пікірлерді естідім. Бұрын солай дүбара болатын. Қазіргі жағдайда олай емес. Жат болады. Одан жауға айналады. Себебі жыл өткен сайын қазақша сөйлейтін орта азайып барады. Бұл алмағайыпты жағдай аралас мектеп түлектерінің беті бері қарауын емес, ары қарай, құрдымға кетуін тездетіп жүр. Күнделікті иттірлікте көріп жүрген сұмдық шындық – осындай. Күлбілтелемейік.

**Темірхан МОМБЕКҰЛЫ**

# ҚАЗЫНАНЫҢ МҮЛКІН ПАЙДАЛАНАТЫН «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» ТАПҚАН ТАБЫСЫН ХАЛЫҚПЕН НЕГЕ БӨЛІСПЕЙДІ?




***«Қалдарбектің баласы бәрі мәздем,***
***Алуға бар, кісіге беруге жоқ».***

*Майлықожа*

### 1. «БҰЛ НЕ ДЕГЕН БАТПАН ҚҰЙРЫҚ?»

Бүгінгі заманда адам өмірін телефонсыз елестету мүмкін емес. Егер ол бірден өшіп қалса, тас дәуіріне оралғандай боларымыз хақ. Біздің елде байланыстың бұл түрімен негізінен қамтамасыз етіп отырған монстр мекеме – 1994 жылы Байланыс министрлігінің құрамынан бөлініп шыққан «Қазақтелеком» Ұлттық акционерлік компаниясы. Ол халықтың телефон байланысына деген өте жоғары сұранысын тиісті дәрежеде қанағаттандыру мен нарықтық экономиканың заманауи талаптарына сай әрекет ететін болсын деген мақсаттан туған еді.

Бұл байланыс түрі жұмыс істеуі үшін алдымен телекоммуникация нысандары мен желілік құрылыстар (тірек станциясынан шағын ауданға дейінгі телефон кәрізі, шағын аудан ішіндегі кәріз, оптикалық және мыс кәбілдерін байланыс кәбілдерін төсеу, үйлер ішіндегі тарату кәбілдерін төсеу, сондай-ақ тарату шкаптары мен қораптарының шеткі құрылғыларын орнату) салыну керек. Салыну үшін тапсырыс беруші болуы керек қой. ҚР «Байланыс туралы заңының» 29-бабының 3-тармағы «Тұрғын үйлер мен басқа да объектілерді салу кезінде ішкі және орамдар ішіндегі байланыс желілерін жобалау мен тарту, сондай-ақ абоненттік пошта шкафтарын орнату қолданыстағы техникалық нормалар мен ережелер негізінде құрылысқа тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады» десе, осы баптың 4-тармағы «Тұрғын жай массивтерінің кешенді құрылысын, өндірістік объектілер мен оған іргелес жатқан елді мекендерді салу кезінде, азаматтық ғимараттар мен пошта бөлімшелерінің үй-жайларын қоса алғанда, барлық байланыс құралдарын жобалау мен салу тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады» дейді.

Ал, бізде тапсырыс беруші кім? Әдетте, әкімдік. «Қазақтелеком» АҚ (ҚТ АҚ) Байланыс министрлігі құрамынан бөлініп шыққан кезде саладағы бәсекелесі жоқ жалғыз қызметші де өзі болғандықтан, өз қаражаты есебінен телекоммуникация нысандарын салу мен телекоммуникация қызметіне деген осындай үлкен сұранысты қанағаттандыра алмағандықтан, заңда оған мемлекеттің көмегі ретінде тапсырыс беруші де біреу – әкімдік болатыны атап көрсетілді. Мысалы, Шымкент қаласындағы «Нұрсат», «Асар» мөлтек аудандары салынған кезде негізгі құрал-жабдықтар – телефондық кәріздер мен телефон кабельдері мемлекеттік бюджеттің ақшасына салынды, сол ақшаға тартылды. Құрылыс аяқталды, нысандар пайдалануға берілді, әкімдік қабылдап алды. Енді күнделікті қызмет көрсету қалды. Сол кезде «Қазтелеком» келді-дағы, дайын нысандар мен дайын желілер арқылы халыққа қызмет көрсете бастады. Бірақ... Сол нысандар кімнің балансында? Әкімдіктің. «Қазтелеком» солардың бәрін пайдаланып, пайда тауып отыр. Бірақ, тапқан пайдасымен бөліспейді – әкімдікке бір теңге де бермейді!.. Бейнелеп айтсақ, сіз машина айдай алмайтын көршіңіздің жеңіл көлігімен адам тасып, ақша тауып жүрсіз, бірақ, тапқаныңыздан оған бір тиын татырмайсыз...

Осындай болуы мүмкін бе? Мүмкін емес дейсіз бе? «Бет көрсе, жүз ұялады» деген, күніге көретін көршіңізден дым бермеуге ұялатын шығарсыз, бетіңізді қызыл әлі кетпеген шығар. Ал, «Қазтелеком» бермеуге ұялмайды...

Тағы да ҚР «Байланыс туралы заңына» көз салайықшы. «Байланыс операторлары шарт негізінде инженерлік инфрақұрылым объектілерін, телекоммуникациялық жабдық пен байланыс желілерін бірлесіп пайдалана алады» (29-бап, 4тармақ, 3-тармақша). Негізгі құрал-жабдықтарды ҚТ АҚ-ның балансына беруге болады, бірақ ол үшін ҚТ АҚ мемлекетке ірі көлемде салық төлеуі тиіс. Бірақ, ҚТ АҚ бюджетінде бұндай қаржы қаралмайды, сондықтан оларды балансына ешқашан алған да емес. Ең бастысы заңда тапсырыс беруші мен объектілерді салу аяқталғаннан және пайдалануға бергеннен кейін байланыс қызметтерін ұсынатын оператордың өзара іс-қимыл тетіктері нақты жазылмаған. Заңның өзі айқын, нақты емес, екіұшты, қалай ұғынып, түсінгің келсе, солай бұра салуға мүмкіндік беріп қойған. Ал, «Қазақтелеком» неге бұндай солқылдақ заңды пайдаланбасын?.. Нәтижеде әкімдік пен оның арасында ешқандай шарт жоқ. «Қазақтелеком» да пайдасымен бөліспеген күйінен таймай келе жатыр... Осы жерде бізде бірнеше сұрақ туып отыр.

1. Аталған негізгі құрал-жабдықтар Әділет органдарында қалай тіркелген? Ал, олар тіркелуі тиіс және жұмысқа жарамды күйде болуы үшін, біреу оларға қызмет көрсетіп отыруы тиіс. Ол қызметті ҚТ АҚ көрсете алады, тек ол үшін тапсырыс берушімен шарт жасасуы міндетті. Әзірге ҚТ АҚ ол қызметтің бәрін өзінің түрлі ішкі нормативтік құжаттарын бұза отырып көрсетуде. Бұның бәрі ҚР заңнамасына сәйкес келе ме?

2. КТ АҚ өзіне тиесілі емес, басқа заңды тұлғаларға тиесілі негізгі құрал-жабдықтарды пайдалана отырып ақша табатындығы да ҚР заңнамасына сәйкес келе ме?

3. Мүлік салығын қай мекеме төлеуі тиіс?

4. Халықтың ақшасына салынған телекоммуникация нысандарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аудандық, облыстық мәслихатының шешімінсіз жеке меншік түріндегі ҚТ АҚ-на беріп жіберуі заңға қайшы емес пе?

5. Тапсырыс берушілерге техникалық шарттарды беріп жүрген өзге де түрлі өзге де телекоммуникация операторларындағы дәл осындай жағдайды кім тексеріп-тергеуге тиіс?

2. БҰЛ НЕ ДЕГЕН АРАСЫ АСПАН МЕН ЖЕРДЕЙ АЙЫРМАШЫЛЫҚ?

Қазақтелеком АҚ қандай негізге сүйеніп заңды тұлғаларға кең жолақты ID Net интернетке қосылуды ұсынғанда, жеке тұлғаларға арналған тарифтен (100 мбит/с – 6000 теңге) 35 есе артық тарифті белгілейді (100 мбит/с - 209999 теңге )? Сондай-ақ кең жолақты Мегалайн беру кезінде өткізу қабілеті 10 мбит/с деп көрсетеді-дағы, кепілдік берілген өткізу қабілеті 4мбит/с дейді. Яғни, 10 мбит/с кепілдік бере алмайды, бірақ қызметін 10 мбит/с ретінде сатады... Ал, бұл жерде заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар да станциялық жабдықта бір порттарға қосылады, орнату тәсілдері, материалдар бойынша шығындары мен пайдалану шығындарының бірінен бірінің ешқандай ерекшелігі жоқ. Егер орнату кезінде материалдар шығыны заңды тұлғалар үшін көп болса, ол үшін бөлек төлем жасалады және ол жұмсалатын нақты шығындарға мүлдем сәйкес келмейді. Бір сөзбен айтқанда, бұл – шағын және орта бизнес (ШОБ) пен мемлекеттік мекемелерді, мектептерді, балабақшаларды және басқа да бюджеттік ұйымдарды, демек, мемлекетті ашық тонау.

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

«Ақ жол»:

# ӘР ӨҢІРДЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫН АШУ КЕРЕК

**Мәжіліс депутаты Ғани Хамзин «Ақ жол» фракциясы атынан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б. Мусинге депутаттық сауал жолдап, өңірлердегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жетіспеушілігі мәселесін көтерді.**

Соңғы деректер бойынша еліміздің 8,5 миллиондай азаматтары облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда тұрады. Бұл олар тұратын қалалардағы ХҚКО-ға қолжетімді адамдар. Ал, қалған 10,5 млн адам қызметтер алу үшін облыс орталықтарына баруға мәжбүр. Жыл сайын жүздеген мың қазақстандық 18 жасқа жетіп, автокөлік жүргізу құқығына ие болады. Мысалы, Үржарда тұратын жас жігіт жүргізуші куәлігіне емтихан тапсыру үшін Өскеменге дейін 480 шақырым жол жүруі керек.

Жалпы алғанда, егер бұл адам таңертең келіп, практикалық және теориялық емтихандарды тапсыра, сол күннің соңына дейін құжатын ала алады. Бірақ ол үшін оған бір күн бұрын Үржардан шығып, ақшасы болған жағдайда, таксимен кемінде 8 сағат жол жүріп келуі керек.

Содан кейін кем дегенде 2 түнге қонақүй жалдау немесе пәтер жалдауы қажет, өйткені келесі күні ол таңертең ерте кетеді, ал кешке кері сапарға шығу қауіпті. Бұл уақыт үміткердің жолы болып, емтиханды бірден тапсырған жағдайда ғана жеткілікті.



Ал оның жолы болмай, емтиханды тапсыра алмаса бір жетіден кейін тағы да осыны қайталау қажет.

Мұндай жағдай тек Шығыс Қазақстан облысында ғана емес, өзге де аймақтардағы көлік жүргізу куәлігі жоқ адамдарға да қатысты.

Біздің облыстарымыз да үлкен: Қарағандыдан Жезқазғанға дейін 528 шақырым, Оралдан Бөкейордаға дейін 550 шақырым, Арқалықтан Қостанайға дейін 465 шақырым және әр облыста осылай.

Бұл ең шалғай ауылдарды айтпағанда, аудан орталықтарынан облыс орталығына дейінгі орташа қашықтық. Ал 2 млн-нан астам тұрғыны бар Түркістан облысының тұрғындары Шымкент пен Алматыға баруға мәжбүр, өйткені бүкіл облыста, тіпті Түркістанда сертификатталған автодром жоқ.

Жақында ғана әлеуметтік желіден Шымкент қаласына жүргізуші куәлігіне емтихан тапсыруға келген азаматтардың мамандандырылған орталықтың есігіне симай дуалынан секіріп кіргенін барлықтарыңыз көрдіңіздер. Бұл халыққа қызмет көрсету емес- бұл халықты мазақ етіп, қорлау!

Сонымен, біздің еліміздің көптеген азаматтары үшін жүргізуші куәлігіне емтихандарын тапсыру үшін ХҚКО-ға, облыс орталығына бару үлкен шығындарға әкеледі, тіпті егер адамдар өз көлігін сатып алуға мүмкіндігі болмаса да, барлығы дерлік көлік жүргізуге құқылы. Оның үстіне, автокөлік қазіргі заманда сән емес, күнкөріс қаражатын табуға көмектесетін құрал. «Халықтың жартысында ай сайынғы табыс 50 мың теңгеден аспайды. Мұндай ақшаға, әрине, өмір сүру мүмкін емес», – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ақ жол депутаттық фракциясы келесіні сұрайды:

1. Қолданыстағы тәртіпті қайта қарап, жергілікті тұрғындардың тығыздығы мен елді мекендердің ара қашықтығын,қатынау мүмкіндігінің халыққа қолайлылығын ескере отырып, әр облыста кемінде үш-төрт аудандаралық мамандандырылған ХҚКО ашу.

2. Өз автодромы бар немесе оны салуға дайын кәсіпкерлерге жүргізуші куәлігіне тапсыруға практикалық емтихандар үшін қызмет көрсету мүмкіндігін ұсыну.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» партиясы**
**фракциясының депутаттары**

# ТЕМІР ЖОЛ ТҰЙЫҚТАРЫ МОНОПОЛИСТЕРГЕ ЕМЕС, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨЗДЕРІНЕ ТИЕСІЛІ БОЛУЫ КЕРЕК

**Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев ҚР Премьер-Министріне, ҚР Бас Прокурорына, Бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасына фракция атынан депутаттық сауал жолдап, монополистердің рейдерлік жолмен меншіктеп алған темір жол тұйықтарын кәсіпорындардың өздеріне қайтару қажеттілігін көтерді.**

Биылғы жылдың 24 наурызында Үкімет жанынан мемлекет экономикасын демонополизациялау жөніндегі комиссия құрылды. Премьер-Министрдің ресми сайтында хабарланғандай, телекоммуникациялар, теміржол инфрақұрылымы, медиа активтері және басқа да салалардағы негізсіз жекешелендірілген объектілерді мемлекет меншігіне беру Комиссия жұмысының негізгі бағыттары болып табылады.

«Ақ жол» демократиялық партиясы бұл шешімді құптап, оны әлдеқашан пісіп-жетілген және кешіктірілген деп санайды.

Экономиканы заңсыз монополиялау фактілері туралы депутаттық сауалдар бұрын да біздің фракциядан бірнеше рет жолданған болатын, алайда осы уақытқа дейін бұл сауалдар антимонополиялық, құқық қорғау және сот органдары тарапынан немқұрайлылыққа және олигополиялардың қарсылығына тап болып отырды.

Мәселен, 2017 жылдан бері біз темір жол кірме жолдарындағы заңсыздықтар туралы бірнеше рет депутаттық сауал жолдадық. Бірақ жалаң жауаптар ғана қайтарылып келді.

Президенттің 2021 жылдың 26 қаңтарында бұл мәселе бойынша берген тікелей тапсырмасын мемлекеттік органдар орындамай қойып жатқанда не айтуға болады.

Президенттің биылғы жылдың 11 қаңтарында (Қаңтар қасіретінен кейін) Парламент Мәжілісінде аталмыш мәселені қайта көтеруінің арқасында ғана әлдебір қозғалыстар байқала бастады.

Мысалы, «Ақ жол» фракциясының 26 қаңтардағы кезекті сауалына Бас прокурордың отандық шенеуніктерге қатысты тергеулер мен қылмыстық істер ашылғаны туралы жауабы келіп түсті.

Одан бөлек, Антимонополиялық ведомство хабарлағандай, монополистер тарифі 90-95%-ға төмендетілген.

Бұл, әрине, қуантатын жағдай, бірақ, мұндай қадамдар мәселені шешпейді. Себебі, монополистерге дау басылғанда тарифтерді қайтадан 95%-ға не одан артық көлемде көтеріп тастауға ештеңе кедергі келтірмейді. Бұған дейінгі тәжірибеден көргеніміздей, шенеуніктер қаласа саңырау болып, мұндай манипуляцияларды жылдап байқамай отыра бере алады.

Сондықтан, 26-қаңтардағы сауалда біз тарифтерді жай төмендетіп ғана қоймай, қазіргі монополистердің кірме темір жолдарын иеленіп алуының заңдылығын тексеріп, оларды сол темір жолдарды пайдаланатын кәсіпорындардың өздеріне қайта қайтарып беруді талап еткен болатынбыз.

Біз нақты монополистердің темір жолдарға иелік етуінің күмәнді тұстарына нақты мысалдар келтірген едік. Антимонополия агенттігінің жауабында бұл ақпарат расталды – мәселен, біздің сауалда көрсетілген «ЦТС» АҚ 2015 жылы 1,7 млрд теңгеге 318 темір жол желісін сатып алғаны көрсетілген, ал қазіргі уақытта бұл мекеме әлдебір себептермен және ешбір саудасыз 705 жолды меншіктеп алған.

Оған қоса «заңбұзушылықтар анықталмаған» деген жауап беріледі.

«Ақ жол» фракциясы мұндай жауаппен келіспейді. Сауалдарымызда біз бұл темір жолдардың едәуір бөлігі әділетсіз сот шешімдері, ҚТЖ қарсылығы, кейде заң иелерін ескертпестен бөтен мүлікті қайта тіркеу арқылы рейдерлік жолмен тартып алынғанын дәлелдеген едік.

«Ақ жол» поштасына «ЦТС» АҚ мен өзге де монополистер меншік иелерінен темір жол тұйықтарын алып қойып, оларды сол аумақ арқылы вагондарының өтуі үшін миллиондаған қаржы төлеуге мәжбүрлегені туралы көптеген өтініштер келіп түсті. Соңғы айда ғана түрлі өңірлерден «Астық коймалары» ЖШС, «Союз-сервис» ЖШС, «Экон Энерджи» ЖШС, «Павлодарская нива» ЖШС және т.б. кәсіпорындардан өтініштер жолданды. Мұндай өтініштер жетіп артылады. Біз бұл өтініштердің барлығын мемлекеттік органдарға жолдаған болатынбыз, бірақ, шенеуніктер қазірдің өзінде де оларға еш назар аудармауда.

Осы орайда жоғарыда аталған демонополизациялау бойынша Комиссияның мақсатына қатысты сұрақтар туындайды – негізсіз жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне қайтару қажет.

Мұндай көзқарас олигополиялар жемқорлық механизмдерін пайданала отырып темір жолдарды мемлекеттен ғана емес, жеке кәсіпорындардан да заңсыз тартып алған ұзақжылғы рейдерлік тәжірибені ескермейді.

Бұл мәселені шешіп, әділеттілікті қалпына келтірмей – Комиссия шешімдері толыққанды деп саналмайды, кәсіпкерлер мен өндірушілер өз жолдары үшін монополистерге ақы төлеп, шығын мөлшерін тауар бағаларына қосып инфляцияны ұлғайта береді.

Осы орайда «Ақ жол» КДП депутаттық фракциясы экономиканы демонополизациялау жөніндегі Комиссия жұмысы аясында мемлекеттен нысандарды заңсыз жекешелендіруді тоқтатып ғана коймай, темір жол желілерін меншік иелерінен рейдерлік жолмен тартып алулармен байланысты сот және өзге де шешімдердің күшін жоюды талап етеді.

Ол үшін Комиссия кәсіпорындардан темір жол желілерін рейдерлік жолмен тартып алу жөніндегі өтініштерді қабылдап, ал, Бас прокуратура ескіру мерзімін қоспағанда, мемлекеттік органдар жұмысындағы жүйелі олқылықтарды назарға ала отырып негізсіз шешімдерді жою үшін Жоғарғы сотқа, Әділет министрлігіне және ҚТЖ-ға тиісті наразылық жолдау мәселесін қарастыруы қажет.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының**
**депутаттары**

# ОТАНДЫҚ ДӘРІ-ДӘРМЕК КОМПАНИЯЛАРЫ ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ

**Мәжіліс депутаты Айгүл Жұмабаева ҚР Денсаулық сақтау министріне «Ақ жол» фракциясы атынан депутаттық сауал жолдап, отандық дәрі-дәрмек компанияларын қолдау мәселесін көтерді.**

«Ақ жол» партиясына қазақстандық фармкомпаниялар осы саланы дамыту жөнінде және мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2011 жылы қол қойылған «СК-Фармациямен» ұзақ мерзімді шарттарды ұзарту мәселесі бойынша жүгінді.

Бұл келісім шарттар отандық өндірушілерді қолдаудың негізгі құралдарының біріне айналды. Олардың арқасында зауыттар өндірісін кеңейтіп, ассортиментін ұлғайтып, жаңа жұмыс орындарын ашты. Мысалы, тек бір «Дольче» компаниясының өзі ауылдағы 350-ден астам адамға жұмыс беріп отыр.

Осы жылы аталған шарттардың мерзімі аяқталады. Егер СК «Фармация» шарттарға жалпы конкурс өткізілетін болса, онда нарыққа көрші елдерден шетелдік өндірушілер келуі ықтимал. Мұның бәрі, сала өкілдерінің пікірінше, өндірістің күрт төмендеуіне, жұмыс орындарының қысқаруына, тіпті зауыттардың жабылу қаупіне алып келеді.

Тағы бір маңызды мәселе — форс-мажорды танудың жетілмеген тетігі. Пандемия кезінде импорттық шикізатты жеткізу жағдайы нашарлады, кедендік және логистикалық проблемалар болды. Осы себептерге байланысты өндірістік цикл мен мерзімдер бұзылды. Форс-мажор салдарынан мерзімнің бұзылуы орын алды деген сот шешімдері болса да, «СК-Фармация» кәсіпорындарға қомақты айыппұл салып, банк кепілдігін өндіріп алған.

Мемлекеттік тапсырыс үшін алдын ала төлем тетігінің болмауы да – үлкен проблема. Шетелдік өнім берушілер шикізат үшін 100 % алдын ала төлемді талап етеді, ал бос қаражаттың жоқтығына байланысты біздің кәсіпорындар кредит алуға мәжбүр, бұл өнімнің қымбаттауына алып келеді.

Естеріңізге сала кетейік, отандық тауар өндірушілерді қолдау «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте де дәрі-дәрмектерді, медициналық бұйымдарды сатып алудың басты қағидаттарының бірі болып белгіленген.

Мемлекет басшысы да фармацевтикалық өнеркәсіпті ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы деп атап, оны дамытуға үлкен көңіл бөліп отыр.

2020 жылдың соңында Отандық фармацевтикалық индустрияны дамытудың алдағы 5 жылға арналған кешенді жоспары қабылданды. Ішкі фармацевтикалық нарық кем дегенде 50 % отандық дәрі-дәрмектерден тұрады, ал дәрі-дәрмек экспорты 3 есе – 174 млн долларға дейін артады деп жоспарлануда. Қазір фармацевтикалық компаниялардың қуаттылығы 40-50 %-ға ғана жүктелген, ал елде бізге қажет дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың 16 %-ы ғана өндіріледі.

Осыған байланысты, фармацевтикалық индустрияны дамыту жоспарын іске асыру және қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін:

1. Ұзақ мерзімді шарттарды ұзарту тәртібі мен тетігін көздейтін дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына (Үкіметтің № 375 қаулысымен бекітілген) тиісті нормалар енгізу;

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Төтенше жағдайлар министрліктері үшін мемлекеттік резервтерді толықтыру мүмкіндігін беру арқылы отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау.

3. Арнайы экономикалық аймақ мәртебесі бар фармацевтикалық кластер құрып, онда отандық зауыттарды, ғылыми-зерттеу институттарын, зертханаларды, медициналық жоғары оқу орындарын біріктіру;

4. Банктік кепілдіктерді және төлемдік қамтамасыз етуді ұстап қалу негіздерін қайта қарау, сондай-ақ отандық тауар өндірушілермен өнім жеткізу шарттарына тауарларды бергені үшін алдын ала төлем жасау және объективті мән-жайларға байланысты міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайту бөлігінде өзгерістер енгізу қажет деп есептейміз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының**
**депутаттары**



# ҮЛКЕННЕН ДЕ, КІШІДЕН ДЕ ҮЙРЕНДІК

**Қырық жылға жуық қаламгерлік сапында келе жатқан белгілі журналист, ақын Сайлаубай Тойлыбаевтың да жас әріптестеріне берер өнегесі аз емес.**

– Кез келген шығармашылық еңбектегі шеберліктің көп оқу мен талмай ізденудің арқасында келетіні белгілі. Одан соң, әрине, сол бағыттағы белгілі бір адамдардың ықпалы ерекше орын алады. Мен университеттің журналистика факультетін 1972 жылы түгескен едім. Содан бастап, негізінен, газет жағында қызмет істеппін. Егер тәжірибелі журналистерден алған тәлім-тәрбие жәйін сөз қыла бастасақ, өз ісінің «сүйегін шағып, майын ішкен» дейтіндей небір ағалардың құлағын шулатарымыз анық. Мысалы, «Лениншіл жаста» талай нәрсенің жөн-жосығын үйретіп, кәсіп сырына баулыған Ырым Кененбаевты қалай ұмытармын! О кісі ауыл шаруашылығы бөлімін басқаратын-ды. (Қазір қарап отырсақ, бізге ересек көрінетін Рекең сонда жап-жас жігіт екен).

Сол ағаның ықпалымен өндірістік-тәжірибеден өтіп жүрген студент кездің өзінде-ақ астықты Қостанай облысына іссапарға шығып, бірнеше материал әкелгенім бар. Ырым ағаның қағазға түсірген дүниелеріме қарап отырып: «айналайын, жазғаныңның бәрі жақсы, тек әлі де шеберлігің жетпей жатыр. Ұсынатын дерегіңді мірдің оғындай етіп жып-жинақы, жұп-жұмыр қылып беруге дағдылан. Мағынасыз көпсөзділіктен қаш. Және әр басылымның өзіне тән мәнері болады. Жастар газетінен жастыққа лайық еркіндік пен жігер лебі есіп тұрғаны жөн. Соны ескер. Көп оқы. Көп жаз!» дейтіні күні бүгінге дейін жадымда.

Шынында да, албырт, балаң шақта адам өзінің көп кемшілігін аңдай бермейді ғой. Артынан әлгіндей кәнігі мамандардың ақыл-кеңесі бойынша өз нәрсеңді басқа дүниелермен салғастыра қарасаң, талай кемістігің бадырайып шыға келеді.

Сол секілді кейінірек көз жеткізе түстік – әлгі тұста «ЛЖ»-ның тілшілері бірінен-бірі өтетін нағыз дарынды азаматтар екен. Жарылғап Бейсенбайұлы, Жақау Дәуренбек, Несіп Жүнісбайұлы, Орысбай Әбділдаұлы иықты мамандардың да шапағаты тиген бізге... Осы кісілерге қарап, солардың мақала, очерктерін оқып тәжірибе ұштадық. Жалпы, журналист адам ғұмыр бойы ізденуі керек. Одан соң қаламгер жазу үстінде өседі! Міне, осыны білдім мен.

Қазір үйде бір қабырғаға кітаптарым бар және күнделікті баспасөзде жарияланып жатқан жақсы дүниелерді іздеп оқуға тырысамын.

Әлгінде айттым, журналистің шеберлігі күнделікті жазумен, оқумен, тоқумен артады. Баяғыда Жұматай Жақыпбаев марқұм: «жазуға күнделікті бір уақытта отыруға бейімдел! Тіпті, жазасың ба, жазбайсың ба, әйтеуір, отыр! Ең аяғы сурет салсаң да, белгілі бір мезгілде үстеліннің жанынан табыл. Сонда ой-өрісің де сол уақытқа бейімделеді. Көп айтыла беретін шабыт та сол уақытта келеді» дейтін. Одан кейін марқұм Төлеген Айбергенов те өлеңді қарындашының сабын тістелеп, түйіліп, түнеріп, толғанып отырып жазып тастайды деуші еді. Мұны айтып отырғаным, бәрі әркімнің бейімделуіне байланысты ғой. Біреулер түнде жазады, әлдекім қаламға таң азаннан тұрып жармасады дегендей. Әйтеуір, әркімнің шабыты әрқалай келеді.

Тегінде, жазу дегеніңіз адам бойына берілген керемет бір қасиет. Сол қасиетті ұштай білу, жетілдіріп отыру әркімнің өзіне байланысты шығар.

Қазір өз ісіне жетік жас журналистер қатары көбейіп келеді. Маған олардың батылдықтары ұнайды көбіне. Тақырып аясы да соншама аумақты олардың...

Бірақ реті келгенде айта кетейік, бүгінде мен әлгінде айтып отырған ауылшаруашылығына байланысты дүниелер өте аз. Ауыл өміріне, атамекен тарихына қатысты толғамды дүниелер кенже қалып барады. Қазіргі нарықтық заманға қатысты қиындай түскен тұрмысты, ел өмірінің ащы шындығын ашып көрсететін мақалалар сирек...

Әйтеуір, мұны басым ауылдағы мектеп аман. Оған да шүкіршілік етесің...

Ал егер, тауқыметті қоя тұрып, есею жолында ықпал еткен қаламгер ағайындар тізімін жалғастырар болсақ, Ақкөл Отарбаев сынды замандас еске түседі. Одан Қоғабай Сәрсекеев, Нұрғазы Шәкеев сияқты кісілердің де тәжірибесін көрдік. Әр қаламгердің, әр жетекшінің жазудағы, іс басқарудағы өзіндік мәнері болады екен. Соған қарап тәжірибе жинақтадық, ысылдық дегендей. Бертінде әйгілі Шыңғыс Айтматовтың өзімен дәмдес боп жүрудің, сырласудың сәті түскен. Ол кісі маған қаламын сыйлады.

Жалпы, осынау көрнекті қаламгермен бірнеше мәрте жүздесіп, сұхбаттасудың сәті түскен. Заңғар суреткерге Шыңғыс деген ұлымның аузына түкіртіп алсам деп жүргенімде, ол балам опындырып, кенеттен қайтыс болып кетті...

Шыңғыс ағамыздан көп нәрсені үйренуге болады. Мен о кісінің шығармаларын түгелге жуық оқыдым. Прозалық шығармаларымен қатар журналистік еңбектері де бір төбе. Бір байқағаным, Шыңғыс ағамыз талмай жазатын адам екен. Демек, оны даңқ тұғырына жанкешті еңбек арқасында жеткен деуге негіз бар. Осындайда өз істерінің шеберлік биігіне тек дарын қуатымен қатар маңдай тер арқылы жеткен курстастарым еске түседі.

Мысалы, Ұлықбек Есдәулет, Қонысбай Әбіл, Нұртілеу Иманғалиұлы, Әшірбек Амангелдиев, Марат Әбдіхалық, Батық Мәжитұлы, Қуандық Түменбаев, марқұм Сейітқұл Оспанов секілді курстастарымызды лайықты мақтан тұтамыз. Қысқасы, журналиске ең керегі көп іздену, дамылсыз талаптану, тынбай жазу екен. Сонда біртіндеп шеберлік шыңына көтеріле бересің.

# ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҮЛКЕН ӨНЕР ЕКЕНІН ҰМЫТПА!

**Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, ақын, журналист Болат Үсенбайдың ой-толғамына үңілгенде.**



– Университет қабырғасында жүргенде ұстаздарымыз «макет жасауды, газет-журналдың ішкі лабораториясын жақсы білген адам ешқашан жұмыссыз қалмайды. Кез келген басылымға қиналмай орналасады» дегенді жиі айтатын. Оған кезінде мән бере қоймаппыз. Өз басым балаң қиялмен «мен ең алдымен журналист емес, ақын боламын» деген ойды санама сіңіріп алғандықтан бірталайға дейін адасыңқырап келіппін. Бірақ кейінірек пайымдап қарасам, бұдан да ұтқаным аз болмай шықты. Себебі, өз әдебиетімізді де, шет ел классиктерінің шығармаларын да бірталай қаузаған екенбіз. Кейін еңбек жолын әйгілі «Лениншіл жаста» бастауды бақыты бұйырды. Дегенмен, бұл бір жұмақ тіршілікке, бас айналатын рахат өмірге күмп ете түстік деген сөз емес. Газетке келген бойда басшылар хатқа жекті. Хат қорыту деген де жас тілшілерге үйретері көп өзіндік мектеп. Хат көбінесе ауылдан келеді. Нешеқилы тағдыр иелерінің жан сырына үңілесің немесе белгілі бір шаруашылықта шешімін таппай жатқан мұқтаждықтар мәніне қанығасың. Қысқасы, халықтың тыныс-тіршілігіне дендей түсесің. Және ең бастысы – сол хат иелерінің көпшілікке жеткізсем деген ойын әдеби өңдеп, жұп-жұмыр етіп ұсынуға дағдыланасың. Одан соң қаламгер ағайындар жақсы біледі, «ЛЖ»-ның мектебінен өту деген, расында да, әлі күнге дейін зор мәртебе саналса керек. Онда мүйіздері қарағайдай небір білікті журналистермен тізе қосып еңбек еттік. Мейлінше ысылдық. Кәсіптің қыр-сырына бойладық.

Алғашқы жетекшім – бүгінгі танымал қаламгер Жанболат Аупбай. Бұ кісі өте көп оқитын, көп ізденетін маман екен. (Қазір қарап отырсам, сонда бізге ересек көрінетін Жәкең отыздың о жақ, бұ жағында ғана көрінеді). Әр қалтасында бір-бір қойын дәптер жүретін еді десем, артық емес. Міне, осындай ағалардың арқасында іске мейлінше төселе түстік. Хатпен жұмыс істеуге үйрендік, түрлі күрделі салаларды зерттеп, қалам тербеуге машықтандық. Жалпы, газет-журналда не болатынын біле түстік.

О кезде газет-журналдың қорғасынмен басылатын кезі. Талай ауыртпалықтар болды. Негізі, журналистиканы айрықша өнер екені мәлім, екіншіден, мұны қиындығы мен қызығы қатар жүретін қара жұмыс десек те қателеспеспіз. Жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман, міне, осындай «университеттен» де өтуге міндетті.

Кезінде өзім қызмет еткен «Ақ желкен» журналына тәжірибе жинақтауға талпынған студенттер келіп жататын. Солардың біраз кемшіліктерін көріп қынжылушы едім. Олар дені қазақ басылымдарын оқымайды екен. Ал журналист немесе жазушы боламын деп талпынған адам ең алдымен өзінің ана тіліндегі басылымдарын қадағалап оқып, соған зер салмай ма! Жалпы, кез келген жас қоғамнан тысқары қалмауы керек. Еліміздің тыныс-тіршілігі, тәуелсіз мемлекетіміздің алға қойған міндеттері, жастардың да ой-арманы, болашақ мақсаттары туралы ақпаратты сол газет-журналдардан табасың. Ал журналистиканы таңдаған көпшілік жастарымыз сол басылымдарды қадағалап отыруға, мамандық сырын игеруге аса ынталы емес. Кейбір іні-қарындастарымыз қаламсапты қолына ала салып, ешбір дайындықсыз-ақ тек қиял дүниесінде журналист болып кеткісі келетіндей әсер қалдырады. Және жастардың көпшілігі жалқау. Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ кітапханаға бару, басылымдарды пайдалану ісінен хабарсыз. Айталық, кітапханада каталог деген болады, түрлі энциклопедиялар бар, солармен жұмыс істей білу шарт. Журналистика мамандығын игеру тек қана көркем шығармалардан тұрмайды ғой! Сан алуан танымдық әдебиеттер бар, таңдаған кәсібінің қыр-сырын терең игеруге ұмтылған адам соларды білуі қажет. Белгілі бір дүниелерді талмай зерттеп, білімін жетілдіріп, ой- қиялын ұштап отыруы тиіс. Журналист бір бағытпен танысып қана қоймай, кез келген өзге де саланы білуге міндетті. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің, негізінен, әдебиет пен өнерді қаузайтыны секілді елдегі экономикалық, әлеуметтік, көлік-коммуникация, отын-энергетика сияқты толып жатқан салаларға арналған көптеген басылымдар бар. Мұндайда болашақ тілшілер ойға салса төске озған хас жүйріктей кез келген бағытта қаламы жүрдек болса деген тілек туындайды.

Осы орайда айта кетейін, жастарымыз «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Жас қазақ» сынды кәсіби деңгейі биік газеттерді көбірек оқыса, үйренсе дейсің. Үйрену деген, әрине, бір жерден көшіріп алу емес, белгілі бір басылымдағы тақырыптың ашылуы, талдануы, соған анализ жасау мәселелеріне де жіті назар аударса деп ойлаймын. Сол сияқты жастарымыз жастар басылымына белсенді араласса өздеріне пайдалы. Жазуды «Ұлан» газеті, «Ақ желкен» журналдарында бастаса сол арқылы ойы, дүниетанымы да есейеді ғой. Тағы бір аңғарғаным – көпшілік студенттер хабар жаза алмайды. Ал қиялы аспандап, жерге түсе алмай тұрады. Кеуделері аяқ қаптай. Оның бір себебі, жоғарыда айтылғанындай, әдеби кітаптарды пайдаланбайды. Тілі кедей. Ойын нақтылап жеткізе алмайды. Онан кейін бүгінгі қоғамда болып жатқан құбылыстардан кенже қалып жатады. Соның бәрі оқымаудың кесірі.

Меніңше, жалпы, журналистикаға талаптанған адам жігерлі, күш-қуаты мол болуы керек. Ең көп жазатын кез жастық шақ емес пе. Кейін денсаулық жағдайы алдыдан шығып, өзге де шаруалар көбейіп, мұрша болмай кетуі мүмкін. Сондықтан жастар қаламды ертеден-ақ күні-түні шыңдаса зиян шекпейді. Бірақ көп жазу деген көпіртіп бос жазу деген сөз емес. Ойланып, зерттеп, біліп жазып, халыққа қажетті дүниені біліктілікпен ұсына білген жөн. Ал шығармашылығы болмаса журналисттікке талаптану орынсыз деп ойлаймын..



Орайы келгенде айтып қалайын, осы салада шәкірт баулитын жоғары оқу орындарындағы ұстаздарға да ептеген ренішім бар. Болашақ журналистерді тәжірибеден өткізу, оларды шыңдау, қыр-сыры мол күрделі кәсіпке талмай бейімдеу жағы ақсап жатады. Ұстаздар тарапынан шәкірттері жазып жүр ме, жазбай жүр ме, жазса, қалай жазады, ертеңгі күні жұмысқа барған кезінде ұятқа қалдырмай ма деген жанашырлықты онша байқамаймын. Басылымдарға үшінші немесе төртінші курста оқимыз деп келетін жастардың дұрыс бір сөйлем құра алмайтынын көріп қынжылмасқа лажың жоқ.

Бұл, әрине, жас журналистердің бәрінен бірдей түңілгенім емес. Талапты, қабілетті жастар баршылық. Дегенмен, бұл салаға келген адамның таңдаған кәсібінің үлкен өнер екенін ұмытпағаны жөн дер едім.

**Жазып алған Құлан САҒАТҰЛЫ**

**«Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді. Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді» – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған жақындағы жолдауында. Жолдаудың осы бір жолдарынан түсіне білген адам көп нәрсені аңғарса керек...**



# АНАЛАР АРМАНЫ – ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ ӨСІРУ

Әрбір ұлт өз отанының дамып, өз мемлекетінің қуатты болуын қалайтыны айдай анық ақиқат. Адам баласы үшін туған жерінен, туған елінен артық ештеңе жоқ. Осы мақсатта оның әрбір азаматы аянбай еңбек етіп, елінің гүлденуіне өз үлесін қосады. Мәселе қосар үлестің үлкен-кішілігінде емес, соған деген шынай ниетте, түптеп келгенде отанына деген сүйіспеншілікте болса керек. Өйткені әрбір адамның, әрбір ұйымның мүмкіндігі әртүрлі. Әрбір адамның тамшыдай ғана қосқан үлесі ел көлемінде теңіздей телегей табысқа айналады. Жолдауда көрсетілгендей, бұл ортақ істе еліміздегі қоғамдық ұйымдардың да атқарар рөлі өте маңызды. Бүгінгі әңгімеміз сондай бір қоғамдық қор жайында болмақшы.

Алматы қаласындағы Алатау ауданында орналасқан «Аналарға көмек» атты қоғамдық қор ресми түрде 2018 жылы тіркелген болатын. Бұл коммерциялық емес, бірыңғай қоғамдық қор болып табылады. Қоғамдық ұйымның негізгі мақсаты – көпбалалы отбасыларына жан-жақты қолдау көрсету. Оның қатарында мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған және әкесіз, қиын жағдайда қалған толық емес отбасылар да бар. Қоғамдық қор өз қызметін мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен бизнес саласындағы кәсіпорындармен бірлесіп жүргізеді. Қоғам жұмысы негізінен осы Алатау ауданы тұрғындарын қамтиды. Өйткені бұл жаңадан ашылған ауданда тұрмысы төмен отбасылары жиі кездеседі. Ауданда бұрынғы облыс құрамында болған ауылдар көптеп саналады. Қазірдің өзінде «Аналарға көмек» қоғамдық қорында жоғарыда аталған санаттағы екі жарымнан аса отбасы тіркелген. Олардың арасында көмекке мұқтаж қаланың өзге аудан тұрғындары да бар.

Қоғамда саналы, салауатты өмір салтын қалыптастырып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жауапкершілігі мол жұмыс екені белгілі. Оған да күш-жігер, қыруар уақыт пен қаржы қажет. Сондықтан демеушілердің көмегін іздестіруге тура келеді. Тіпті өзге де Тараз сияқты алыс қалалардан демеушілік көрсетіп жатқан кәсіпкерлер бар. Ал ең бастысы осы игі іске деген таза ниет пен құштарлық керек екені анық.

– Бұрындар мені ауылдан ағылып келіп, қалада өз орнын таба алмай адасқан қазақ қыздарының тағдыры қатты алаңдататын-ды. Баспанасыз, тұрақты жұмысы жоқ қарапайым ауыл қыздарының жағдайын естігенде еңсем түсіп, оларға қалай көмектесуге болады деген ой мазалайтын. Бірде әлеуметтік-тұрмыстық мәселеге қатысты жиналысқа қатыстым. Онда көпбалалы аналардың мұңмұқтажын естіп, тұрмыстық жағдайларының тым ауыр екенін білгенде, күнделікті азық-түлік алуға ақшалары жетпейтінін өз көзіммен көргенде оларға аз да болса қолдау көрсететін ұйым құруға бекіндім. Мен өзім де көпбалалы анамын, төрт бала тәрбиелеп отырмын. Бұл ниетімізді Құдай қолдады ма, ісіміз о басынан сәтті басталды. Оны өзім де күтпеген едім. Құжаттарды рәсімдеу, одан кейінгі қызметте де айтарлықтай кедергі болған жоқ, – дейді «Аналарға көмек» қоғамдық қорының жетекшісі Гүлдәурен Абдоллақызы Бақбергенова. – Бастамамызға қолдау көрсеткен Алатау ауданы әкімдігіне алғысымыз зор. Баспана жалдап қиналып жүргенімізді естіген әкімдік «Әйгерім» ықшамауданынан төрт бөлмелі шағын ғимарат бөліп берді. Табиғат аясына балаларда серуенге шығарғанда автобус көлігін бөліп, тағы да басқа жағдайларда қол ұшын береді. Сондай көмектің арқасында балалар аналарымен бірге сонау табиғаты тұнған Көлсайға дейін барып демалып қайтты. Жұмыс барысында үнемі демеп отырған азаматтарға, көпбалалы аналардың жағдайын түсінген кәсіпорын жетекшілеріне де дән ризамыз.

Бітер істің басына, жақсы келер қасына демекші, Гүлжазира Нарғозиева, Гүлзипа Амантаева, Мақпал Текеева, Сапаргүл Серғалиева, Гүлжан Алинова секілді құрамында санаулы ғана қызметкерлері бар ұйым алғашқы күннен бастап жұмысқа қызу кіріскен-ді. Бірінші жылдың өзінде балаларға арнап жаңажылдық мереке өткізіп, әйелдер күні мерекесіне орай «Ақсай-нан» кәсіпорны көмегімен 50 отбасына азық-түлік себетін сыйлады. Ораза айында 68 отбасына азық-түлік, құрбан айт кезінде 70 отбасына ет жеткізіп берді. Маусым айында



Балаларды қорғау күні Алатау ауданы әкімдігімен бірігіп мерекелік шара өткізіп, бүлдіршіндерге түрлі сыйлықтар тапсырылды. Шілде айында 100 баланы «Family» паркіне, тамыз айында 50 баланы «Немо» дельфинарийіне апарып қыдыртты. Балаларды мектепке дайындау кезінде де «Аналарға көмек» қоры қарап қалған жоқ. Жиырма қыз балаға мектеп формасын , 50 отбасына оқу құралдарын сыйлады. Оған қоса 200 отбасына азық-түлік пен кеңселік құралдар, оқушы сөмкесін, бүлдіршіндерге түрлі ойыншықтар таратты. Сол сияқты қарттар мен балалар үйіне де көмек көрсетіліп тұрады. Бұл алғашқы жылдың өзінде демеушілік бағытындағы атқарылған істердің бір парасы ғана. Игі істе тәжірибе жинақтаған ұжым келер жылдарда да осы қарқыннан төмендеген жоқ. Керісінше көрсетілетін көмектің саны мен сапасы жыл сайын арта түсті.

«Аналарға көмек» қорының атқарар жұмысы ауқымды және әртарапты деуге болады. Бір ғана материалдық демеушілік отбасы мәселесін толық шешпейтіні айтпаса да түсінікті. Күнделікті тұрмыста неше түрлі қиындықтар кездесіп, оны еңсеру отбасына мүмкін болмайтын түйыққа тірелетіні де бар ғой. Әсіресе қазіргі нарықтық экономика тұсында қолайлы жұмыс табудың өзі үлкен мәселе. Жалақысы дұрыс жұмыс табыла қалса да мамандығы сәйкес келмей қабылданбай қалатын жағдайлар жиі ұшырайды. Оны да түсінуге болады, қай кәсіпорын болса да алдымен шеберлігі жоғары маманды алғысы келеді, өндіріс соны талап етеді. Сондықтан адамдарға қосымша басқа мамандықты игеруге тура келеді. Сол себепті қоғамдық қор түрлі мамандықты игеретін курстар ашып, аналарды оқытуға кіріскен-ді. Былтырғы жылдың өзінде аспаздыққа 64 әйел, тігін шеберлігін 24 ана, тоқыма өнерін 20 адам игеріп шығып, мамандықтарына сәйкес сертификаттар алды. Оларды мүмкіндігінше жұмысқа орналастыру жұмыстары да жүргізіледі. Қордың көмегімен 2017-2021 жылға арналған халықты жұмыспен қамту «Еңбек» бағдарламасы бойынша 15 ана және басқа бағдарламалар аясында олардың 37 отбасы мүшелері тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Жұмысқа орналасуда аналар үшін тағы бір қосымша қиындықтар бар. Жұмыс табылып тұрғанның өзінде аналар балаларын үйде жалғыз тастап кете алмайды. Ал толық емес отбасылары үшін тіптен қиын. Бұл мәселені де қоғамдық қоры өз мүмкіндіктеріне орай шешуде. Осындай жағдайда толық емес жұмыс уақытын пайдалану ұтымды. Мысалы, аспаз мамандар той немесе ас беруге қызмет етіп екі-үш сағатта отбасын асырауға ақша таба алады. Ал тігіншілер мен тоқымашылар үйде балаларының қасында отырып іс тігіп жұмыс істеуіне болады. Оларға тапсырыс алуға қордың қызметкерлері көмек көрсетеді. Оған қоса демеушілердің көмегімен тігінші аналарға алты заманауи «JANOME» (RS2019s) маркалы тігін машиналары тегін берілді. Бір айта кетерлігі тігіншілер пандемия жайлаған кезде бетперделер тігіп, тегін таратты. Жасалған жақсылықтың қашан да қайтарымы болады деген осы шығар.

Өмір болған соң отбасында неше түрлі кикілжіңдер орын алатыны белгілі. Ерлі-зайыптылардың бір-бірін түсінбеуі, жоқшылықтың салдарынан туындайтын жанжалдар да жоқ емес. Ерлер тарапынан әйелдерге қол жұмсап, күш көрсету де орын алатын кездері болады. Былтырдың өзінде 30 ана осындай арыздарымен қоғамдық қорға келген-ді. Мұндайда психологтың көмегі аса қажет. Психолог маман өз кеңестерін беріп, отбасылардағы жағдайды реттеуге көмектеседі.

Отбасылық мәселені реттеу кезінде қордың заңгерінің де көмегіне жүгінуге тура келеді. Әсіресе бүгіндер ажырасып кеткен әкелердің балаларына алимент төлегісі келмей қашып жүретін фактілері баршылық. Соның бәрін заң арқылы қалпына келтіру қажет. Ондайда көптеген құжаттарды жинастырып сотқа жүгініп, тиісті шешім шығарылады. Одан кейін қашқын әке балаларына алимент төлеуге міндеттеледі. Оның төлену, төленбеуі тұрақты бақылауға алынады.

Бүкіл қоғамға етене таныс несие атты мәселе көпбалалы отбасыларын да айналып өткен жоқ. Банктерге берешегін уақытында төлей алмай қарызға белшесінен батқан отбасылар да аз емес. Төлем уақытында түспегендіктен банктер адамдардың есепшотын бұғаулап тастайтын безбүйректігі жалпыға мәлім. Соның кесірінен отбасын асырап отырғандар жалақысын да ала алмай қалады. Қордың заңгері іске араласып, банкпен заңдық тұрғыдан келісіп, несиелерін төлеудің отбасына тиімді жолдарына қол жеткізді.Өткен жылы осы тектес 150 арыз түсіп, оның 103 ісі оң шешілді. Кейбір несиелерді төлеу мерзімі шегеріліп, енді біреулерінің айлық төлеу мөлшері отбасының жағдайына қарай төмендетілді.

«Аналарға көмек» қоры балалармен де түрлі жұмыстар жүргізеді. Ол үшін көптеген үйірмелер ашылған. Оқушылар сабақтан бос уақытында түрлі өнерге, спортқа машықтанады. Қазір қолөнер үйірмесіне 15, сурет үйірмесіне 10 бала тұрақты қатысады. Мектепке дейінгі білім берумен 16 бала қамтылған. Жақында балалар өз қолдарымен жасаған шұлық, сөмке сияқты заттарын қарттар үйіндегі қарияларға сыйға тартты.

Қоғамдық қор мүмкіндігінше көпбалалы аналардың кез келген мәселесін шешуге тырысады. Айталық, қала бойынша баспана кезегіне қою мен балабақшадан орын алуға да барынша ықпал етеді. Байқап отырғандарыңыздай бір ғана шағын қордың атқарып жатқан жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай. Ал еліміз бойынша қаншама осындай игі істер атқарылып жатыр, қуанарлық жағдай.

Әрбір ананың арманы – адамзат өмірін жалғастыратын ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу екені ежелден белгілі. Бұл– өмірге ұрпақ әкелетін ана атаулыға табиғаттың өзі берген, дәлірек айтсақ Құдайдың өзі сыйлаған баға жетпес ерекше қабілеті мен қасиеті. Өкінішке орай өмірде кездесетін келеңсіздіктер мен кейбір тұрмыстық және тағы басқа қиындықтар ана арманын іске асыруға кедергі келтіретіні бар. Қоғамның міндеті сол аналарға қиындықты еңсеруге көмектесу. Өйткені анаһарсыз мына тіршілік тоқтайды. Бұл біздің азаматтық парызымыз!

**Зейнолла АБАЖАН**

# ЕЛ ІРГЕСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ БЕКІТЕДІ

*«Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры... Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады».*
*Қ.Тоқаев*

**Мемлекеттік хатшы Ерлан Карин журналист Мақсат Толықбайға берген сұхбатында «Жаңа Қазақстан» жайында өз ойларыңызды ортаға салыңыздар дегеннен кейін мен де «Жаңа Қазақстанда жалған сөйлеу болмасын!» деген бағытта осы мақаланы бастадым.**




Расында да, Ұлттық идеология – қазақ тілінен, ділінен, қазақ халқының көне тарихынан бастау алады екен. Егер де біздің мемлекетіміз мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, рухын, тілін идеологияның басты тұғыры ретінде қабылдаса көпшілікті қазіргідей қиын жағдайға жеткізбес едік, опасыздар төңкеріс ұйымдастырып қайғылы қаңтарда қазақ қазаққа оқ атып түрмелерде жазықсыз жандарды қатыгездікпен жантүршігерлік қинаулар болмас еді деп ойлаймын.

Президент Қ.Тоқаев кезекті жолдауында «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі» – деді. Керемет тұжырым. Әйткенмен, сөзін әрі қарай жалғастырған мемлекет басшысының «орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие» дегенін өз басым аса қабылдай қоймадым. Сол кезде ойыма жазушы Дулат Исабековтің «Ендігі үлкен көтеріліс қазақ тілі үшін болады» деген сөзі еріксізден ойыма оралды.

Тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін реттейтін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» арнайы заңның 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген. Демек, аталған заң Конституциядағы мемлекеттік тіл мәртебесін анықтап дамыта отырып қазақ тілі – мемлекеттік басқару, заң шығару және іс қағаздарын жүргізу тілі деп бекітті. Заңдарды зерделей келе айтатынымыз Қазақстанда мемлекеттік ресми тіл біреу – ол қазақ тілі!

Осы айтылғанды Конституциялық Кеңес 2007 жылы 23 ақпандағы №3 нормативтік жалпыға бірдей міндетті күші бар Қаулысымен былай деп бекітті, «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соңғысына (орыс тіліне) екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді. Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының ерекшелігі не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді».

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Конституцияда «орыс тілі ресми тіл» деген сөз, заң баптары мүлдеп жоқ, алайда аталған 7-баптың 2-тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ендеше «ресми түрде» деген сөз тіркестері бар, бірақ бұл «орыс тілі ресми тіл» дегенді білдірмесе керек.

Енді қай жерде, қалай орыс тілінің ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатынын айтайын. Олар мемлекеттік ұйымдар – азаматтық заңдарда көрсетілген атап айтсақ: мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, шаруашылық серіктестіктер акционерлік қоғамдар басқаша айтқанда құрылтайшысы меншік иесі мемлекет болатын компаниялар мен заңды тұлғалар, және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мәслихаттар. Осы айтылғаннан шығатын қорытындымыз, аталған мемлекеттік ұйымдарда қызмет ететін мамандардың барлығы қазақ және орыс тілдерін білуі міндетті.

Енді осыдан келіп мемлекеттік тіл – қазақ тілі елімізде мемлекеттік түрғыда қалай қолданылуы керек? Осыны анықтау үшін біз күнделікті көріп естіп жүрген Қазақстан Президенті, Үкіметі, Парламенті және орталық атқарушы органдар министрліктер т.б. мемлекеттік тілді біліп сөйлеуге міндетті ме деген ой туындайды.

Конституцияға, заңдарға сараптама жасап осы аталған мемлекеттік органдарға, жоғарыда айтқанымыздай орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны жайлы бұларға қатысты ереже жоғын салыстырып білдік.

Өйткені мемлекеттік орган мен мемлекеттік ұйым ұқсас ұғымдар болғанымен Конституцияда бөлек қолданылған, және де олардың құқықтық мәртебесі мүлдем өзгеше. Мемлекеттік орган белгілері Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 4-бабында берілген, олар «жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларын айқындайтын актілерді басып шығару; әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды мемлекет атынан жүзеге асыратын мемлекеттік билік ұйымы». Осы кодексте көрсетілгендер арқылы біз мемлекеттік ұйымдарда аталған белгілердің функцияларды жоғын аңдадық.

Қазақстан Үкіметі туралы Конституциялық заңның III тарауында мемлекеттік органдарының тізбесі берілген, олар Президент, Парламент, министрліктер, жергілікті атқарушы органдар деп көрсетілген. Тек қана осы тізбеде 4-бапта берілген барлық белгілердің барын байқадық, осылай мемлекеттік органдардың ерекше айырмашылығын білдік. Айтылғаннан түсінгеніміз осы 7-баптың 2-тармағында көрсетілгендерден басқалалары - барлық мемлекеттік органдар Президент, Үкімет, Парламент, министрліктер, агенттіктер т.б. тек қана қазақ тілінде сөйлеп қызмет етуі керек; бұл – Конституция талабы.

Тағы осы ойымыздың дәлелдемесі ол Конституцияның 41-бабындағы Қазақстан Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын... мемлекеттік тілді еркін меңгерген, ...Республика азаматы сайлана алады делінуі. Бұдан байқағанымыз, Президент орыс тілін, қытай тілін, ағылшын тілін білсін деген талап жоқ, ал қазақ тілін білсін деген басты талап бар. Парламент палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі керек деген бап та Конституцияда бар.

Конституциялық Кеңес 2007 жылғы нормативтік қаулысында мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері, ұлттық валютада, жеке басын куәландыратын құжаттарда қазақ тіліне басымдылық берілуі керек екенін бекітті. Бұл жазылғандар, Негізгі Заң қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтінін айғақтайды деді.

Неге мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген сұраққа жауап іздесек, ол Конституцияның преамбуласында айтылған: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, ...қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» делінген. Басқаша айтқанда, жер де, ел де қазақтікі деп мойындап айтылған сөз.

Енді үкімет, министрлер, депутаттар 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда бүкіл Қазақстан халқы бірлесе келе бірауыздан қабылдаған Конституцияның мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген талабын неге орындамайды деген үлкен сұрақ туындайды.

Конституциялық Кеңес қаулысында қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді, деді.

Жоғарыда келтіргеніміздей, Қазақстан Президенті, Үкіметі, Парламенті және орталық атқарушы органдар т.б. тек қана мемлекеттік тілде іс жүргізіп, сөйлеуі керек. Бұл – Конституцияны бұлжытпай орындау. Қорытындылай келе, тұжырымдамамыз биліктің мемлекетті басқару, заң қабылдау қолдану тілі тек қана қазақ тілі.

Конституцияның 3-бабында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген.

Президент мемлекет басшысы ретінде әрбір қазақ азаматын жалғызындай жақсы көріп қамқорлығына алуы керек, сонда ғана халық артынан еріп Ел Басы дейді.

Сөзімді ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңімен аяқтағым келеді:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан! Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...




**Айыпқан МҰХАМАДИЕВ,**
**заң ғылымының кандидаты**

# Ақпараттың

### ЕРЕКШЕ ҚАУЫШҚАН ЕКЕУ

*Сол күні кешке дейін мейрам болған,*
*Кешкісін абыройым айран болған.*
*Көлбеңдеп көз алдымда жүріп алған,*
*Көрінбей қайда кеттің, қайран «Волгам»?*
***(Журналистік фольклордан)***

КазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсетіндердің өзіндік ерекшелігі болады. Олар абитуриент кезінен бір-бірімен таныс-білістігін байқата бастайды. Өйткені, көпшілігі – оқушы кезінен қолына қалам ұстаған өрендер. «Е, сен анау екенсің ғой, мақалаларыңды оқығам», – деп кәнігі қаламгерлер секілді өзара қауқылдасып жатады. Не жазып қарық қылғандарын кім білсін, бірақ бұл тұста осылардан артық «классик» табыла қоймайды. Соларды көріп, оқуға түскенше өзінің өндірт жазбағанына қарадай қысыласың. Бар бітіргенің небәрі бес-алты мақала. Яғни, «айдағаның бес ешкі», ал ысқырығың жер жармақ түгілі, көмейіңнен шықпайды.

Біз де оқуға өңкей бір жазғыштармен түсіппіз. Өздері – біреу емес, бірнешеу. «Жалын» журналына 7-класта оқып жүргенде ертегі-әңгімесі жарияланған талдықорғандық Аймен Абдрасовадан кәдімгідей именеміз. Жүріс-тұрысынан бекзаттығы көрініп тұрады. Оның әңгімесін бәріміз де оқығанбыз. Тіпті, кейбір тұстарын Талғат Батырханов тақылдап тұрып жатқа айтады. Ол кезде жазуға құмартқан балалардың ішінде «Жалынға» көз салмайтыны жоқ еді. Тағы бір курстасымыз – Мәди Өтеғалиевтің өңіріне тағып алған «СССР Журналистер одағының мүшесі» деген жазуы бар төсбелгісі мысымызды басады. Өзі бізден әлдеқайда ересек. Ана төсбелгі оны одан сайын есейтіңкіреп көрсетеді. Ал әрі әнші, әрі ақын, әрі сері Бауыржан Үсеновтің абырой-беделі бәрінен жоғары. Себебі, дайындық курсында оқып жүргенде-ақ өнерімен көзге түскен оны қалашықтың күллі тұрғыны жақсы таниды. Керісінше, бүгінгі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, аса талантты ақын Гүлнәр Салықбаева дәл сол тұста елеусіздеу ғана жүрді. Өлең жазатынын да ешкімге білдіре қоймады. Жұрттың алдына шығуға ұмтылмады. Көсіле шабатын кезі кейінірек...

Менің осындай көпшілікке белгілі курстастарымның арасында екпінді екеудің дауысы қаттырақ шығатын. Оның бірі – түн баласы ұйықтамай, қалғып-шұлғып отырса да, мақаласын бітіргенше дамылдамайтын Мұратбек Тоқтағазин, екіншісі – анау секілді бұрқыратып жазбаса да, ел ішінде едәуір мойындалып үлгерген Әнуарбек Әуелбеков. Бұл екеуінің арасында бұрыннан қалыптасқан шығармашылық байланыс бар. Себебі, ол да, бұл да қаршадайынан қаламынды шыңдайтын «Қазақстан пионерінің» бала тілшісі болған. Оқуға түскен кезде бала тілші бала тілшіні алыстан таныды. Таныды да, бірін-бірі қапсыра құшақтады. Шымыр да шиырақ, әрі төртбақ Тоқтағазин арық-тұрық Әнуарбектің қабырғасын қаусата жаздады. Өзара «Өй, сен осындай екенсің ғой», – деп бір-біріне сүйсініп қарап алады да, қайта қауышады. Жатқан бір мелодрама... Тегін спектакльді тамашалап біз тұрмыз. Сөйтсек, олар үш-төрт жыл бойы Семей жері мен Сыр елінің арасын жалғап, хат жазысып тұрыпты. Бір-біріне Шоқан мен Достоевский сияқты ылғи бір сағынышты да сыршыл хаттар жолдаған. «Бұл тағдырдың сәйкестігіне қарасаңшы, – деп тебірене толғанады Тоқтағазин. – Менің алдымда екі ағам бар. Бір ғажабы, біреуінің аты – Әнуарбек, екіншісінің аты – Әуелбек». Біз болсақ, тірлігі мен тұрмысына дейін тамырласып жатқан көзі тірі «классиктерден» айбынып, алыстан ғана бақылап жүрміз.

Тоқтағазиннің екі ағасының есімін еншілегенімен Әнуарбек оқу бітіргенше тынымсыз әріптесі секілді редакцияларды үздіксіз жағалаған жоқ. Тіпті редакция түгілі жатақханаға да жоламады. Дайындық курсында бірге оқыған досы Ескендір Ертаев екеуі пәтер жалдап тұрды. Екеуі де Жаңақорғанда өскен. Екеуі де – бірінен-бірі өткен сері. Домбыраны шебер тартады. Біреуі ән салса, екіншісі тамсанып отырады. Бүгінгі тілмен айтқанда, «екі жұлдыз». Өздері өлең-жырға жүйрік. Қысыр сөздің қалыптасқан хас маманы. Ескендірдің қалада тұратын Кала деген ағасы бар. Демалыс күндері сарылып, соны күтіп отырса, Әнуарбек: «Қарайғанға қараймын Кала ма деп, Бес-алты сом Ескендір ала ма деп», – деп оны шымшылап тұрады.

Сабаққа көңілдері қалаған кезде келеді. Жатақханаңа да, стипендияңа да қызықпайды. Қит етсе «жатақханадан шығарамыз, стипендиядан қағамыз» деп қорқытатын оқу орнының басшыларына тәуелді болғысы келмейді. Ал ешкім оларды жалдап тұрып жатқан пәтерінен шығарып жібере алмайды. Сабақтан соң вагоннан жүк түсіріп, ақша табады. Сол Әнуарбек пәтерге тұрудың қай жағынан да тиімді екенін үнемі дәлелдеп бақты. Тамағың тоқ. Бір. Жүріс-тұрысың еркін. Екі. Армансыз жазу жазасың. Үш. Осындай мықты дәлелдерін алға тартқан соң, соған еріп, біз де желіктік. Бір күні Талғат Батырханов, Мұратбек Тоқтағазин үшеуміз жатақханадағы жылы орнымызды тастап, пәтерден бір-ақ шықтық. Бірақ жаны сірі ана екеуі секілді күн көру оңай емес екен. Ақыры қиындыққа шыдай алмай, екі-үш айдан соң ит құсап, кеткен жерімізге қайтып оралдық.

Студент кезімізде Әнуарбектің ел білетін екі лақап аты болды. Біріншісі – «Копченый», екіншісі – «Қылқау». Өзі кептірілген балықтай қақпыш, ілмиген арық еді. Екі аты да әлі күнге дейін актуальдылығын жойған жоқ. Бүкіл денесі сүйегінің төрт-бес шегесіне ілініп тұр. Соған қарамастан сондай тарамыс. Кез-келген жұмысты жапырып істейді. Бала кезінде оңбай құлап, сындырып алған ба, әлде біреу жұлып алмақ болып, жұлқып қалған ба, әйтеуір бір қолы қисық біткен. Жо-жоқ, енді есіме түсті, есекпен көкпар тартып жүргенде оңбай жығылған. Сунақатада жылқы жағы тапшы болған соң есекті ерттеп мінген ғой. Бірақ сол еменнің иір бұтағы секілді сол қолымен кетпен-күрек ұстағанда қолы түзу бізді жолда қалдырады.

Қолы қисық болғанмен, жолы қисық болған жоқ. Қаламсабы да ешқашан жантайған емес. Қазақ журналистикасында өз үні бар алымды ақпаратшы ретінде қалыптасты. Қисық қолына қағазын, түзу қолына қаламын ұстап, ұлт қамын жоқтаған мақалаларды жиі жазып тұрды.

### ҰЖЫМДЫ ҰЙЫСТЫРҒАН «ҰТЫС»

*Жүргенмін адамдай-ақ жұтып алған,*
*Көлігім талайлардың құтын алған.*
*Көшеге шыға қалсам, елестейді,*
*Ақ «Волгам» «Спринттен» ұтып алған.*
***(Журналистік фольклордан)***

Бірде «Лениншіл жастағы» ағаларымыз Әнуарбекке мынадай тапсырма берді. Театрлардың бірінде роботтардың көрмесі өтетін болыпты. Кәдімгі адам кейпіндегі темір бұйымдар залдағы балалардың алдында өнер көрсететін көрінеді. Соның қалай өткені жөнінде репортаж жазуы керек. Біз оны сырттай келемеждеп күлеміз. Өмірінде робот көрмеген бейбақ не айтар екен?! Жоқ, тіпті де қиналған жоқ. Жеті атасынан бері құлтемірмен бірге ғұмыр кешіп келе жатқан адам секілді, келді де, мақаланы бұрқыратып жазып тастады.

Бір айналып соқсақ, қолжазбасын оқыған басшылар оны әбден мақтап жатыр екен. Әнуарбек жұрттың қолпаштағанын елең қылмай, мойны қылқиып, өз орнында бүйығып отыр. Шынында да ол репортажын өте қызықты етіп ұсыныпты. Шапшағын ғана дүние. Бірақ бірден еліктіріп әкетеді. «Шымылдық сыртынан аяғын апыл-тапыл басқан «темір балалар» шыға келгенде, нағыз балалар залды сахнаға айырбастап жібере жаздады» деп бастапты. Мақала осылай басынан аяғына дейін әдемі өріліп отырады. Баланың жанын бірден баурайды. Қайран, «Қазақстан пионерінің» мектебі... Қысқа-нұсқа, артық-ауыс сөз жоқ. Осы мақаладан соң біздің Қылқаудың редакциядағы беделі күрт өсті. Летучкада ылғи жақсы жағынан аталады. Содан Қылқау летучкаға «летучая мышь» секілді қанатын қомданып баратын болды.

Тағы бірде мынадай қызық оқиға болды. Әнуарбек қолына «Спринт» лотереясының билетін ұстап жүр екен. Таңертең жұмысқа келе жатып ала салған. Кәдімгі «Ұтыс жоқ» деп жазылған құнсыз қағаз. «Үнемі алам, үнемі осылай», – деп аздап қамығып тұр. «Қой, бұған қуаныш сыйламасақ болмас». Әлгі құнсыз қағазды «Лениншіл жастың» суретшісі Владимир Черданцев лезде бақытты билетке айналдырды. Ол лезде «Волга» машинасын ұтқан болып шыға келді. Ол кезде «Волга» – көлік атауының төресі. «Қылқау, мә, билетің. Енді тек құттықтауларды қабылдап отыра бер. Кешке дейін қайсарлықпен шыда», – деп, аяқ астынан табылған «несібесін» қолына ұстатып кеттік.

Онымен де тынбадық. Газеттің бланкасын алып, «Лениншіл жастың» тілшісі «Волга» ұтты!» деген мақала дайындадық. Шекесіне тиісті мәліметтерін, техникалық өлшемдерін көрсетіп, секретариатқа әкеп, шиырып тастадық. Секретариаттың сенбеске лажы жоқ. Төбесінде бас редактор Уәлихан Қалижанның қолы тұр. Менің Уәлихан ағамның қолын айнытпай қоюдан оңай нәрсе жоқ. Томпитып «У» әрпін бейнелейсің де, құйрығын оң жаққа қарай бір сүйкетіп жібересің. Болды. Газет баспаханадан шыққанша қай заман?! Сәлден соң барамыз да алып тастаймыз. Мұндай тапқырлыққа Уәкеңнің өзі де риза болмақ.

Содан дүние гүл жайнап сала берді. Құттықтаушылар ағылып келіп жатыр. Жетінші қабатқа астыңғы алты қабаттың, үстіңгі екі қабаттың журналистері түгелге жуық кіріп-шықты. Бәрі де шын қуаныш жүр. Өзі пәтерде тұратын, өзі көп балалы журналистің ойда-жоқта машина ұтып алуы деген... Әнуарбектің алдындағы шоқпардай көк телефон екі иінінен демалып тұр. Журналист олжаға кенелді деген хабар жерде жата ма, он тоғыз облыс түгел құлақтанды. Ағайын-туыс, құрбы-құрдас, дос-жаран... Осы күнгі талайды дүрліктіретін «Розыгрыш» бағдарламасы мұның қасында садаға кетсін!

Бір кезде күллі Алматыны құшағына сыйғызып, фототілші Рахымбай Ханалиев келді жұмысқа. Оған жігіттер жалмажан секретариатта жатқан «материалды» көрсетті. Оң жақ шекесіне «суретімен берілсін» деп, белгі қойылыпты. Ақкөңіл Рахымбай ағамыз Әнуарбекті ертіп, дереу төменге қарай құлдилайды. Есік алдында керіліп тұрған ақ «Волганың» біреуіне қасына Әнуарбекті тұрғызып қойып, қайта-қайта суретке түсіреді. «Неге түсіріп жатырсың?», – деп сұрағандарға: «Інім ғой менің. «Волга» ұтты, почти туған інім», – деп марқаяды. Біреудің қуанышын өз қуанышындай көретін қайран ағамыз, сөйтіп, шалқып сала береді. Редакцияны күзететін милиционерлерге дейін айтып, сүйінші сұрайды. Суретті жедел шығарып, Әнуарбектің қолына ұстатады.

Әбден есі шығып, ыржалақтап жүрген Әнуарбекті қайдам, осы жобаның бас режиссері болсам да, ақ «Волганы» ұтқанымызға өзім де сеніп қалыппын. Көптің ықыласы мұның ойын екенін ұмыттырып жіберді-ау деймін. Енді осынау көкке көтерілген көңілді пәсейту қиынның қиыны еді. Кеш батты. Жұмыстан қайтатын уақыт болды. Жұрт қайта-қайта құттықтап, жөніне кетті. Бөлмеде қиялдағы «Волгамызбен» бірге Әнуарбек екеуміз ғана қалдық. Сыртқа шығайық десек, күтіп тұрған көліктің жоқ екені есімізге түсіп, жүрегіміз сыздайды. Үйге «Волга» мініп келеді деп Әнешті күтіп отырған Жазираға не бетімізді айтамыз? Құрсын, енді бүйтіп ойнамаспыз...



Алдымен облыстық газеттеріне «Журналист «Волга» ұтты» деп құттықтау береміз деп, шала бүлініп жатқан Талдықорғандағы Талғат пен Целиноградтағы Мұратбекке телефон шалдық. Сосын көліктің көңіліміздегі арманымыз екенін халыққа біртіндеп естірттік. Біреу күлді, біреу кейіді, біреу тілдеді... Бірақ бәрібір ішіміз әлем-жәлем. Содан Әнуарбектің көңілін аулағымыз келіп, досымыздың атынан «Ақ

№13 (987) 04.04.2022 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



# АҚ «ВОЛГАСЫ»

Шынында да, ол көп үндемей, жұмысын істегенді ғана біледі. Көбіне елден оқшауланыңқырап жүреді. Сондықтан да «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Жанастан Кучукова ол туралы жазған мақаласында «Үндемей жүріп үлгеретін Әнекең» деген тіркесті қолданды. Оның үндемегенінен, дау-дамайға араласпағанынан ұлт журналистикасы тек қана ұтады.

Кейіпкеріміз қазақтың ең белді басылымдарының мектебінен өтті. Әсіресе, жас күнінен қамау терін алған «Лениншіл жастың» жөні бөлек. Бұл газетке он алты жыл бас редактор болған Сейдахмет Бердіқұловтың тәлімді тәрбиесінің шет-жағасын көрді. Мәдениет бөлімі мен студент-жастар бөлімінің тілшісі ретінде жастар газетіне жаңа леп әкелді. Оқу орындары мен жатақханаларда талай қызықты пікірталастар өткізді. Оны қызыл тілдің майын тамызып жазып, оқырманға тартымды етіп ұсына білді. «Жас алаштан» соң «Қазақ әдебиетіне» ауысты. Кейінірек «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Дала мен қала», «Әдебиет айдыны» газеттерінде шеберлігін шыңдады.

Тоқтаңыз, ол тек газетпен шектеліп қалған жоқ. Екі ғасырдың тоғысында екі-үш жыл бойы қолына микрофон ұстағаны бар. Бұған себеп болған өзін жас күнінен жақсы білетін Қайнар ағасы еді. Жалпы,

«Волга» деген әзіл өлең шығардық. Себебі, мерекелік көңіл-күйді одан әрі қарай жалғау керек болды. Бұл өлеңнің шумақтары осы мақаланың өн бойынан табылады. Ел ішінде кең таралған әндердің бірінің әуеніне салып, домбырамен айтқанда, жұртшылық қосыла шырқайтын. Біздің буын «Лениншіл жастан» кеткенше бұл әнді айтудан жалыққан жоқ-ты. Әсіресе, «Арманым асқақ еді, мұратым бай, Бұл бақыт мәңгі менде тұратындай. Қасымнан шырқ үйіріліп шықпай жүріп, Суретке түсіргенді Рахымбай» деген жолдар сағынышқа айналған көп күндерімізді еске салады...

Оның есесіне, Әнуарбек кейін көліктің талайын ерттеп мінді. Ал өзі ақпараттың ақ «Волгасы» секілді жүйрік журналиске айналды. Ақ «Волганың» заманында жағымды хабарлардың көбірек болғаны секілді, біздің кейіпкеріміз де журналистиканың имандылық қағидаттарын берік ұстанады. Санаға сәуле түсіретін рухани нәрселерді ғана жазады. Қазіргідей атыс-шабысқа толы алқын-жұлқын ақпараттан алты қырды айналып қашады.

### «МЫЛҚАУ» БОЛҒАН ҚЫЛҚАУ

*Тәп-тәуір болмасам да шопыр әлі,*
*Ақ «Волгам» алыс жолға шақырады.*
*Құйғытып айдап келе жатқанымда,*
*Қасымда Жазиражан отырады.*
***(Журналистік фольклордан)***

Оның ақпарат кеңістігінде көрінуі «Лениншіл жас» («Жас алаш») газетіне қызметке тұруынан басталды. Сол жылдарда осы газетте біздің курстың алты түлегі бірге жұмыс істедік. Нұржамал Байсақалова, Ғалымжан Мелдешов, Жақсылық Молдақұлов, Досымхан Қапасов, Әнуарбек Әуелбеков және мен. Осы аспандап ұшқан алты қаздың қай-қайсысы да кейін қонар жерін тапты. Солардың ішінде журналистикада табан аудармай келе жатқаны – Әнуарбек пен Нұржамал. Бірақ сол билікке бейімдеу Нұржамалдың ілгеріде Жаркенттегі Пионерлер үйінде қызмет істеп, жеткіншектердің қамын, аудандық атқару комитетінде қызмет істеп, халықтың қамын ойлағаны бар. Ол барған мекемесі тарап кете берген соң, газетке қайтып оралған. Сонда баяғы алтаудың ішінен ақпа-раттың ауласынан ұзамаған Әнуарбек қана болып шығады.

Сол алтауымыздың арасында көп үндемейтініміз Жақсылық еді. Ақыры ол өңшең үндемейтіндер жұмыс істейтін мекемеге ауысып кетті. Ал шындап үндемеу қажет болса, тастай қатып қалу жағынан Әнуарбекке ешқайсымыз жете алмайтынбыз. Баяғыда студент кезімізде Қостанайдың бір совхозында ауыл шаруашылығы жұмыстарында жүргенімізде, Әнуарбек екеуміз бәстестік. Бәске не тіккенііміз есімде жоқ. Бірақ оның шарты бойынша, ешкіммен тіл қатыспауымыз керек. Яғни, таза мылқау болу. Аңдаусызда сөйлеп қойған адам оңбай ұтылады. Сөйлегенің не, артық-ауыс дыбысқа елең еткен адам жеңіледі. Содан ол мелшиді де қалды. «Е, байғұс-ай, өзің Қылқау едің, енді тіпті мылқау болдың-ау», – деймін. Әрине, ішімнен.

Мен болсам, әншейінде ішім толып жүретін адаммын, сөйлегім келіп шыдамай өліп барам. Қалың қарағайдың арасына барып, Талғат Батырхановты тауып алып, армансыз қауқылдасып келем. Бұл бір таза партизан. Менің бұлбұлдай сайрап кеткенімді жан баласына білдірмейді. Қайтып келсем, Қылқауымда әлі үн жоқ. Тіпті өмірі сөйлеп көрмеген адамдай тымсырайып, жұмысын істеп жүр. Ту сыртынан келіп, бос шелекті қаңғыр еткіземіз. Елең етпейді. Дауысы ащы қыздардың бірі байқамаған болып, баж ете қалады. Әнуарбектің шарауасы жоқ. Алыста тұрып, картоп лақтырамыз. Басына тисе де былқ етпейді. Кәдімгі Ақан серінің мылқау баласы Ыбан сияқты орманға қарап, ойға батып отыра береді. Осының өзі шынымен мылқау болып қалған жоқ па?!

«Әй, Қылқау, қой, жаман ырым бастама, қайт райыңнан, сөйле, жырау!», – деп Талғат мәмілегерлікке бірнеше рет барып, тауы шағылып келді. Арандатушылық әрекетіміздің бәрі де сәтсіз аяқталды. Ақиқатын айтайық, бұл кезде Әнуарбектің осыдан бес-алты сағат бұрын кәдімгідей сөйлеп жүрген кезін сағына бастаған едік. Содан соң шыдамай қасына бардым да, құлағына: «Қазақ-совет мылқаулары жасасын!», – деп сыбыр еттім. Ол аңырып тұрып қалды да, бірден: «Сен жеңілдің!», – деп айқайлап жіберді. Құрсын, жеңілсем жеңілейін, әбден жалығып кеттім.

Қайнар Олжай «Хабар-2» телеарнасына директор болған кезде орта буынның құдайы берді. Бұрын газеттің мектебінен өткен, қаламы жүйрік журналистер жаңа телеарнаға шақырылды. «Лениншіл жаста» бірге қызмет атқарған әріптес ағасы таңдаған жігіттердің ішінде Әнуарбек те бар-ды... Келе сала, «Кеше ғана орналастым «Хабарға», «Хабар» меңдей корреспондент табар ма?!», – деп құлшынып іске кірісті.

Жаңалықтар қызметіне бұрынғы газетшінің тигізер пайдасы көп екен. Құнарлы тілмен, жатық стильмен жазылған сюжеттер эфирден өте бастады. Әдетте жас журналистер мәтін дайындағанда бас әріп, тыныс белгі дегендеріне пысқырып та қарамайды. Әйтеуір өздері түсінсе болды. Сол күйінде монтаж жасайтын бөлмеге барып, оқи салады. Әнуарбек сияқты сақа журналистер солардың бір қайнауы ішінде тұрған шикі дүниелерін ширатып береді. Қайнар Олжай телеарнаға жастарға қоса аға буын мен орта буынның өкілдерін тартты. Сөйтіп, үш буынның бір-бірімен сабақтастығын қалыптастырды. Алдыңғы екі буын кейінгі ұрпақтың тәлімгері болды да шықты. Сол тұста мәтінді өңдеуге ерекше үлес қосқандардың бірі – осы Әнуарбек еді.

Сәл кейінірек ол «Солай болған» деген хабарлар сериясын дайындады. Бір кезде елді елең еткізген тосын оқиғалардың астарына үңілді. Мәселен, оның «Академиктің ақырғы сапары» деген телематериалы ұшақ апатына ұшыраған әйгілі селекционер ғалым Кәрім Мыңбаевқа арналды. Жұмбақ апаттың жай-жапсарын анықтауға тырысты. Сөйтіп, үндемейтін Әнуарбек үнсіз жатқан бірқатар деректерге тіл бітірді.

### СЕКРЕТАРИАТҚА СҰРАНҒАН СЕРІ

*Жігіттер, өткен іске өкінбелік,*
*Біз бекер тәуекелге бекінбедік.*
*Алтын күн домалайды аспанымда,*
*«Волгамның» дөңгелегі секілденіп.*
***(Журналистік фольклордан)***

— Идея отпраздновать Наурыз зародилась еще в 1986 г. Тогда у себя в Ленинском районе мы проводили костюмированный праздник наступления весны, где демонстрировались некоторые национальные традиции. Он был проведен 22 апреля и, конечно, его тогда приурочили не к Наурызу, а ко дню рождения Ленина. Идея по-настоящему народного весеннего праздника витала в воздухе. В те времена уже начался дефицит продуктов, антиалкогольная кампания, и людей нужно было как-то отвлечь от проблем. Наконец в 88-м к нам поступило распоряжение горкома о проведении в Алма-Ате торжеств в честь Наурыза. Подготовка к первому Наурызу проходила несколько сумбурно, так как никто точно не знал, будем ли мы что-то делать.

Камила Тусупхановна вспоминает, что работники культуры, расспрашивая своих родителей и родственников, восстанавливали традиции. Чиновников и режиссеров торжества консультировали искусствоведы, историки, мастера народно-прикладного искусства, а также работники казахского телевидения, многие из которых были родом из аулов.

Торжества в честь первого за долгое время Наурыза проходили целый месяц — с 22 марта по 22 апреля. Все началось с мероприятий на уровне коллективов крупных городских учреждений и предприятий. В Домах культуры прошли концерты и смотры самодеятельности. Лучшие коллективы были отобраны для участия в городском празднике.

Народные гулянья прошли в апреле, когда на улицах уже потеплело. В то время Наурыз еще не был выходным днем, и для проведения мероприятия выбрали воскресенье. Центрами городских торжеств стали Старая площадь перед бывшим Домом правительства и Центральный парк культуры и отдыха имени Горького.

На ступенях Дома правительства была оборудована главная сцена, а по периметру площади расположились открытые площадки, где проходили выступления народных коллективов, артистов творческой самодеятельности и культурных центров разных народов.

— На главной сцене работали профессиональные ведущие и коллективы. Там выступали артисты Театра оперы и балета. Я хорошо запомнила выступление эстрадного ансамбля песен и танцев «Гүлдер». Их солистка — Капаш Кулышева — замечательно исполняла народные песни. Помню также выступление известного в то время казахстанского певца греческого происхождения Лаки Кесоглу. На одной из площадок актеры театра Ауэзова продемонстрировали зрителям очень красивый обряд — кыз узату.

В парке и на площади были установлены праздничные конструкции — юрты и качели алтыбакан. В их установке принимали участие как профессиональные архитекторы, так и простые мастера из народа, предки которых из поколения в поколение передавали знания о сборке юрты.

Одной из находок организаторов стал масштабный айтыс с участием большого количества айтыскеров. Перед этим во многих вузах города и среди творческих коллективов были проведены отборочные соревнования. Лучшие из лучших получили право соревноваться в день проведения Наурыза. Победителям доставались ценные призы — домбра, чапан и другие сувениры, связанные с национальной культурой.

Участники торжества также демонстрировали зрителям народные танцы.

— Из казахских танцев в то время широко известен был только танец «Камажай». Многие танцы были восстановлены и впервые исполнены на сцене Театра оперы и балета. Участники самодеятельности старались повторять движения за профессиональными артистами.

В день проведения праздника людей, собравшихся на площади, угощали баурсаками и наурыз коже. Для многих горожан это была первая проба традиционного казахского праздничного блюда.

Центральным событием праздника стало костюмированное народное шествие от Старой площади до Парка Горького. По плану организаторов в нем должны было принять участие около 150–200 человек, однако по дороге в нарядную толпу вливались прохожие. Помимо профессиональных артистов, в шествии участвовали представители Домов культуры при различных предприятиях, а также студенты творческих вузов.

— В начале колонны в красивых костюмах казахских воинов ехали на конях цирковые артисты и спортсмены с ипподрома. Шествие возглавлял артист оперного театра в костюме Қыдыр Ата, проезжавший по улицам на белом верблюде. Многие участники шествия самостоятельно шили для себя национальные костюмы. Нас очень выручали девушки из Женского педагогического института. У них всегда были красивые национальные наряды, многие студентки умели петь и танцевать. Именно поэтому они часто участвовали во встречах различных почетных делегаций и других торжественных мероприятиях.

Наурыз 88 г. стал народным праздником, в котором была отдана дань не только казахским традициям. В торжествах приняли активное участие культурные центры народов, проживавших на территории республики. На отдельных площадках артисты из числа представителей этих народов исполняли ингушские, немецкие, татарские песни и танцы.

— Праздничные гуляния и концерты проходили не только в центре города, но и во всех районах Алма-Аты. У каждого района были свои площадки для проведения праздничных мероприятий. Наурыз праздновали даже на окраине, на территории молодежных жилищных кооперативов.

В празднике приняли участие музеи города. Перед Музеем музыкальных инструментов прошел концерт, на котором широкой публике впервые было представлено звучание некоторых утраченных казахских инструментов. В Центральном государственном музее прошла выставка казахского костюма.

В 89 г. во время Наурыза народные гуляния приобрели особый масштаб. На этот раз они уже проходили 22 марта. В торжественном шествии приняли участие празднично украшенные платформы, установленные на грузовые автомобили.

По городу разъезжали всадники и стилизованные под национальный колорит повозки.

В 1989-м торжества в честь национального праздника весны прошли уже во многих городах, даты этих событий не всегда совпадали. В Костанае, к примеру, Наурыз праздновали в мае.

Окончательно дата 22 марта приобрела официальный статус государственного праздника 15 марта 1991 г. после выхода Указа президента Казахской ССР «О народном празднике весны — Наурыз мейрамы». В 1992 г. торжества на Наурыз стали символом обретения независимости и возрождения национальной культуры.

С 1992 г. центром празднования Наурыза в Алматы стала Новая площадь, устанавливались шатры, где продавали баурсаки, наурыз коже и другие национальные блюда. В 2007 г. площадь была закрыта на ремонт, и торжества вновь перенесли на Старую площадь.

В последние годы Наурыз широко отмечают на территории Центрального парка культуры и отдыха.



**Святослав АНТОНОВ**

*(в сокращении)*

№13 (987) 04.04.2022 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Оңтүстік – әлемге дамыған химия өнеркәсібімен де танымал өңір. Өлкеде бұл сала бойынша бірнеше кәсіпорын ашылды. Міне, осындай химия өнеркәсібі өркендеп тұрған кезде қажетті мамандар даярлау да күн тәртібіне қойылды. Біз айтқалы отырған химия ғылымының ірі өкілі – Әбдімүса Мұратұлының ұстаздық еңбегі осы кезге дөп келді. Ташкент мемлекеттік университетін 1960 жылы, ал Қазақстан Ғылым академиясы Химия институтының аспирантурасын 1968 жылы бітірген Әбекеңнің теориялық сауаты орасан, білім қоры мол еді. Қазақ химия-технология институтында оқытушы болған жылдары бойындағы білім қорын еркін пайдаланды. Әрі сол жылдары оқу орнында Әбдімүса Мұратұлы секілді өз ісіне жан-тәнімен берілген ұстаздар шоғыры қалыптасты. Олар алдынан дәріс алған жастардың кеудесіне болашақ мамандығына деген біліммен бірге ертеңге деген сенімді де еге білді. Бүгіндері зейнеткерлік жасқа ілінген сол шәкірттердің бәрі дерлік осы бір студенттік жылдарын, ондағы оқытушыларды сағынышпен еске алып отырады.**



# Ұлағат ұстыны еді

Туған өлкесіндегі білім ордасынан ғылыми-ұстаздық тәжірибе жинаған Әбдімүса жан-жақтан шақырулар алады. Білімдіге қайда да болсын өріс кең ғой. Әулиеата өңіріне қадам басқан Әбекең Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында дәріс оқыды, доцент болды. Одан кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің Жезқазған бөлімшесінде кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарды. Жамбылдағы институттың Семей қаласындағы филиалында да жауапты қызмет атқарды.

Қанша жерден шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық жолдың биігіне шығып, жан-жағына барлай қарап, табысына шаттанғанымен, өзі туып-өскен қасиетті Арыс өңіріне деген алаулы сағыныш оны осы өңірге тартты да тұрды. Әбекең Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне осылай оралды. Өткен ғасырдың аяқ шенінде, жаңа ғасырдың басында осы білім ордасына кафедра меңгерушісі болып келді. Одан кейін Қазақ-өзбек инженерлік-гуманитарлық университетіне ректор болып тағайындалды. Елдегі нарық жағдайына сай ашылған мемлекеттік емес білім мекемелеріне білімді де білікті басшылар қажет болды. Мұндай жауапкершілікті жанжүрегімен түсіне білген Әбдімүса Мұратұлы П.Капица атындағы халықаралық сыйлықтың иегері атанды. Осылайша отандық ғылым төрінен өз тұғырын таба білген азамат химия ғылымының докторы, профессор атанды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымы, сондай-ақ Ресей педагогика және психология ғылымдары академияларының академигі атақтарын иеленді.

Мұндай биікке самғау ұлт болмысын бойына түгел сіңірген перзенттердің ғана қолынан келсе керек. Өйткені Әбекең әл-Фарабидің: «Ұстаз аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік нәрін сеуіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек адам болу керек» деген қағидалы сөзін өмірінің басты ұстанымы етті. Ұлы бабамыздың трактаттарында атап-атап тұрып көрсеткен қасиеттерден ауытқымауға тырысты. Әбекеңнің бүкіл саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнауы осы сөзімізге дәлел болса керек.

Иә, Әбекең жарты ғасырдан астам ғұмырын білім беру саласына арнады. Психологтардың пайымдауынша, қоғамдағы қайнаған іс-әрекеттердің арасында жүретін адамдар белсендірек қатарына жатады. Өйткені олар күнделікті ағымдағы қызмет, жұмыстарынан тыс, айналада болып жатқан жаңалықтар мен жақсылықтарды, өзгерістерді қабылдап қана қоймай оны өз тарапынан жүзеге асыруға да ұмтылады. Ал Әбдімүса Мұратұлы отандық химия өнеркәсібінің өркендеу жолына қарап отырып, оның болашақ мамандарын даярлауға деген ниетін нақты іске айналдырды. Оның бәрі, түптеп келгенде, ұлтжандылықтан туған ізгілікті іс-әрекеттер еді. Оның туып-өскен жеріне деген шексіз махаббатынан туындаған үлкен бастамалары өңірдің және осында тәжірибе алмаса келген шетелдік қонақтармен сырласу, сыйласу барысында озық үлгілерге деген ықыласын тудырды. Әбекең шетелдің білім стандарттарын отандық қалыпқа енгізуге батыл қадам жасап, еңбек қазанында қайнап түсті.

Осы тұста Әбдімүса Қуатбековтің жоғары арнайы білім ордасын ашумен қатар оның жұмыс ырғағын ұйымдастырудағы біліктілігі сөзімізге нақты дәлел бола алады. Әбекең елімізге нарық дәуірінің аяқ басуымен қатар зәрулігі арта түскен халыққа білім беру қызметінің көзін таба отырып, осынау мол қазынаны толықтыруға бар білімі мен біліктілігін арнады. Осылайша қысқа уақыт ішінде Халықтар достығы университетімен бірге Ақсукент көпсалалы колледжінің шаңырағын көтеріп, керегесін кеңейтті. Бұл оқу орындарында ел шаруашылығына қажетті маман даярлауды жолға қойып, оларға қажетті материалдық-техникалық базаны аса жоғары деңгейде қалыптастырды.

Осы оқу орындарын құрудың теориялық және практикалық жолдарын терең меңгерген Әбекең ұйымдастырушылық қабілетімен қатар құрылтайшы ретінде де елге де, әлемге де кең танылды.

Ғалымның өмірбаяндық деректерінде әртүрлі саланы терең зерттеген іскерлігін айғақтайтын мәліметтерде есеп жоқ. Соның ішінде Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Семей қаласындағы филиалында, Қарағанды политехникалық университетінің Жезқазған филиалында болған жылдары жинақтаған мол тәжірибесін Оңтүстік Қазақстан аймақаралық «Қайнар» университеті мен Қазақ-өзбек инженерлік-гуманитарлық университетін басқарған кезде жарқырата көрсетті.

Халықтар достығы университетінің құрылтайшысы-президенті ретінде еліміздегі ғылым мен білім беру саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды басшылыққа алып отырды. Сала министрлігінің арнайы тізімінде көрсетілген аса қажетті де білікті мамандарды даярлау барысында жаңа технологияларды оқу-өндірістік мақсатқа өндірудің жаңа жобаларын іске асырды. Ұстаз-ғалым жастарға тәлім-тәрбие беруде барлық мақсат-мүддесін ұлт болашағына бағыттады. Оның астарында Әбекеңдегі мінез сұлулығы, азаматтылығы, парасаттылығы жатты.

Ол басшылық лауазымындағы беделімен ғана емес, оқытушы-профессор ретінде де университет ұжымына білімді де зерделі, үлгілі де өнегелі зиялы қауым болуға жетелеп отырды. Ал, мұндай таңдауды құрамы бар білім ордасына талапкерлерді жарнамалап шақырып жатудың қажеттілігі де шамалы еді. Өйткені, онда әлемнің, таяу шетел және ТМД елдерінің жетекші оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен, түрлі ұйымдармен іскерлік қарым-қатынас орнатылды. Оқу-тәжірибе алмасудың асқан үлгілері қалыптасты.

Туған жеріне, өскен еліне деген перзенттік парызын ешқашан естен шығармаған адал ұл келешек ұрпақты да сондай адал болуға тәрбиеледі. Бұл орайда Әбекеңнің тәлімгерлік қасиеті өз арнасын тауып жатты. Оның ел болашағы жайлы айтқан әр сөзі жүректі жарып шығатын. Мұндай ойлы толғауларын, жан тебіренісін баспасөзге жариялаумен бірге іс-жүзінде де дәлелдей білді.

Әбекең оқу орнына түсуге әлеуметтік жағдайы көтере бермейтін қаншама отбасынан шыққан жас өрендерге көмек қолын созды. Оларға арнайы білім грантын бөліп,студент атанған соң да мұқтажын өтеуді өз мойнына алды. Жас буынның туған елге, туған жерге деген ыстық ықыласын патриоттық сезімге айналдырудағы тәлімгерлік үлгісін осылай танытты.

Әбдімүса Мұратұлы аса қарапайым жан болды. Осы қарапайымдылығын қайырымдылығы мен мейірімділігі көмкеріп, оны ерекше нұрландырып тұратын. Мұндай қамқорлық, әдетте, дана көңілден, ізгі ниеттен туады. Ойымызды грек данышпаны Платонның сөзімен шегелесек: «Қамқорлықты сөзінде де, ісінде де боямасы жоқ адамдар ғана жасай алады» деген екен. Ал, халық даналығы: «Өзгенің иығына жапқан шапан, өзіңді де жылытады» дейді. Шынында да, жақсылық жасау, жылағанды жұбату, мұқтажға көмек беру, жетім-жесірлерге, қараусыз қалған балғындарға қайырымдылық жасау Қуатбековтің күнделікті дағдысына айналған тіршілігі еді. Осындай азаматты өзіміз білетіннен де жақынырақ тану үшін онымен сыйлас болған ел ақсақалдарына, көнекөздерге жолыққанды жөн көрдік. Олар әңгімелескенімізде кейіпкеріміздің, тіпті, балаң шағынан-ақ тым зерек болғанын пайымдадық. Ол пікірлесу, әңгімелесу кезінде әр адамның жүзінен сыр аулап, маңызды сөзге тартып, жағдайын білуге тырысып, ол адаммен кейінде хабарласып тұрады екен.

Міне, сол бір қасиеті бекемделе келе Әбекең Арыс қаласы, Т.Тәжібаев атындағы отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілеріне өкіл атасы ретінде танылды. Ондағы балалардың мұқтаждықтарын шешіп беріп, қуаныштарына ортақтасып жүрді, жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық акциясы да Әбекеңсіз өткен емес.

Үй-күйі жоқ жалғызілікті отбасына танымаса да баспана салып беріп, қоныстойының қуанышын бөліскен де осы Әбекең еді.

Тәуелсіздікке қол жеткелі ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етіп, ерендік пен тереңдік, кемелдік пен кеңдік көрсетіп, тектілігін танытып келе жатқан азаматтың бірі әрі бірегейі де осы Әбдімүса ағамыз еді.

Әйтсе де, Әбдімүса Мұратұлының өмірдегі жеңісін де, жемісін де айшықтаған Шымкент қаласындағы Қазақстан инженерлік-педагогикалық Халықтар достығы университеті мен Ақсукент көпсалалы колледжі және оның Сайрамдағы филиалында жасалған жаңашылдықтар болатын.

Туған жерді түлетудегі перзенттік парызын жете ұғынып, оны өмірінің соңына дейін адал атқара білген үлкен жүректілігі кімді де болса тәнті етсе керек. Арналы Арыс жағасындағы кішкентай ғана ауылына заманауи сәулет үлгісінде мешіт тұрғызған имандылығы өз алдына бір әңгіме.

Балалар алаңын гүлге бөлеп, абаттандыру шараларымен қоса олардың білімге ұмтылысы мен құлшынысын арттыру мақсатында кітапхана ашқан еңбегі – келешектің көркін бүгіннен тани білген көрегендігін танытса керек. Әрине, бұл іс-шараларды жүзеге асыру үшін толассыз ізденіс, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілгені сөзсіз. Бұл жерде Әбекеңнің уақытпен санаспайтын талапшылдығы, бейнеттен қашпайтын іскерлігімен қатар қолына алған істі озық сапада атқаруға деген жауапкершілігі көрініп тұр.

Қоғамдағы жаңалықтарға жанашырлықпен араласатын Әбекеңнің өз өмірі де мәуелі бәйтерекке айнала білді. Ол кісінің тәлімін алған ұл-қыздары мен немерелерінің білімділігіне, заман талабына сай іскер де қабілеттілігіне қарап көңіл тояды.Осыдан-ақ Әбдімүса Қуатбековтің шәкірттердің алдында ғана емес, ұрпақ өсіру, оны тәрбиелеуде де ұстаздық қалыптан танбайтындығын байқайсыз. Оның бір салада бүкіл ғұмыр бойы еткен еңбегі өзгелерге өз ұстанымының тұрақтылығын, кәсіпке іңкәрлігін, мұратқа адалдығын танытты.

Ал, ғылыми орта Әбдімүса Мұратұлын химия ғылымының кәсіби маманы ғана емес, өзіндік мектебін қалыптастыра білген академик ретінде қадір тұтты. Оның тұлғасы іргелі жоғары оқу орнының негізін қалаған, іргесін бекіткен білікті ұйымдастырушы-басшы ретінде биіктей берген еді. Олай дейтініміз, әлемдік ғылыми коммуникацияға тоқсаныншы жылдары араласқан ол дүниежүзілік ғылыми ортада зерттеу еңбектерімен танылып, профессор атанды.

Ал, қарапайым қауым үшін сахи, қайырымды, мейірімді, жаны жайсаң, көңіліне түйгені көп парасатты жан болды. Елін, туған жерін сүйген ұлтжанды тұлға, сыйлы замандас, ардақты аға, халықтар достығының беріктігін нығайтушы дәнекер еді. Елімізде өркениеттің дамуына, отандық ғылымға қалтқысыз еңбек еткен тұлға.

Ғылымда айшықты із қалдырып, химия саласының дамуына қомақты үлес қосумен қатар, лайықты ізбасарлар тәрбиелеуі сол саланың жаңаруына, кемелденуіне серпін беруге деген дарабоз келбетін көрсетсе керек.

Баяны жоқ дүние-ай. Көргені де, бергені де мол Әбдімүса Мұратұлы тірі болғанда фәнилік жүрісіндегі 80-ші көктеміне көрген болар еді-ау. Кейде оның өзі іргетасын көтерген білім ұяларын аралап жүргендей көрінетіні бар. Еңселі ғимараттың бөлмелерін ашық дауыс, кіршіксіз күлкілерімен жаңғыртып жатқан шәкірттердің даусына көңілін толқып тұрып, солардың арасынан Әбдімүса аға жылы жымиып алдыңнан шыға келетіндей көрінеді. Қашанда кішіпейіл де парасатты қалпынан танбайтын азаматтың мәңгілік мекеніне – ұлы кеңістікке сіңіп кеткеніне көңіл сенбейді.

Иә, ісі мәңгілік жанның өзі де, есімі де жадымызда.

Сіз қасымыздасыз, Әбдімүса аға!

* * *

Қорыта айтқанда, Ә.Қуатбековтың 80-жылдығына орай Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру шаралары қолға алынып жатыр. Заманауи талаптарға сай мамандар даярлау мәселесіне қатысты және Ә.Мұратбекұлының осы сала бойынша қалдырған өнегелі тәжірибесі туралы ой-пікірлеріңізді университет әкімшілігіне жолдауға болады.

**Есенәлі ОМАР,**
**Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы**

**Дана халқымыздың «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген сөзі бар. Бұл адамзат бойындағы ең бір ерекше қасиет болса керек. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегін айғақтайды.**



# ЖЕКЕ КӘСІПКЕР ЖҮЗ ОТБАСЫНА ЖӘРДЕМДЕСТІ

Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың да айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса», – деген қазақтың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс-тәжірибелерімен жалғастырылып келеді.

Елімізде қымбатшылық белең алғалы бері де Түркістан облысы Төлеби ауданында түрлі жобалар мен акцияларды қолдап, қайырымдылық көрсетіп жатқан жомарт жандар саны күн санап артып келеді. Жақсылыққа жаны құмар осындай азаматтар мен азаматшалар ауданда тұратын аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасыларға, жалғыз басты аналарға қолдау білдіріп, азық-түлік себеттерін үлестіруде.

Осындай игі амалдарға мұрындық болып, көмек көрсетіп отырған жомарт жандардың жақсылығын айтпай кету айып болар. Рамазан айының қарсаңында игілікті істен аудандық кәсіпкер Фарида Қабылбекова шет қалған жоқ. Қайырымдылық – қадірлі іс! Осы ұстанымға берік төлебилік кәсіпкер жүз отбасына көмек қолын созды.



«Жүректен жүрекке» атты қайрымдылық шараның халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған бөлігіне көмек қолын созу арқылы қиын-қыстау кезеңде мейірімділік пен ізгілікті жоғалтпау болып табылады.

Жүз отбасының қуанышына себепкер болған кәсіпкер, әлеуметтік аз қамтылған алпыс отбасыны азық-түлік себетімен қамтамасыз етті. Ал, қырық отбасының денсаулығына байланысты, медициналық сақтандыруға төлем жасауға қаржылай қолдау көрсетті.

Денсаулығына байланысты үйінен келе алмаған отбасылардың үйлеріне жеке-жеке барып, ақшалай сыйсыяпатымен бірге азық-түлікті апарып берді. Сонымен қатар, Төлеби аудандық пробация қызметі есебінде тұратын жағдайы төмен бес отбасыға да азық-түлік берілді. «Кең болсаң, кем болмайсың» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек.



– Өзім осы Төлеби ауданыда туып-өстім. Осы ауданның ауасын жұтып, суын ішіп, асырсалып ойнаған ауданымның тұрғындарының жағдайына бей-жай қарап отыра алмадым. Қазіргі қымбатшылық кезеңде көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға, жалғыз басты аналарға аз да болса көмек қолын берейін деген ой келді. Сонымен қатар, пробация қызметінің есебінде тұрған бас бостандығынан шектеу жазасына тартылған жандарға да азық-түлік себетін тараттым. Сотты болғанда қылмысқа жетіспеушіліктен барады емес пе?! Оларды да қоғамнан шеттетпей қолдау көрсетіп, өмірде өз орындарын табуына жәрдемдескеніміз жөн, – дейді кәсіпкер.

– Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады. Қайырымдылық жасауды қаржылай көмек көрсету ғана деп ұқпау керек. Сөзбен де, іспен де, басқа жолдармен де қайырымдылық жасау – азаматтық борышымыз. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіндігің жетіп тұрса неге қол ұшын созбасқа?! Пробация қызметі есебінде тұрған жағдайы төмен отбасыларға қолымыздан келгенше көмек қолын созуға тырысамыз. Себебі, олар көмекке мұқтаж. Осылай көмек көрсету арқылы сотталғандарды қоғамға араласуға бейімдейміз. Осындай қайрымдылық шарасы осымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта да игі істер жасау жоспарда бар, – де4444444ді Түркістан облысы Төлеби аудандық пробация қызметі бастығының міндетін атқарушы әділет майоры Б.Сарыпбеков.

«Елге қызмет – баршаға міндет» демекші, қолында бар қазынасын халықпен бөлісіп, бес күндік тіршілікте тек сауап жинаған жаны жомарт жанға аудан тұрғындары мен пробация қызметінің есебінде тұрғандар алғысын жаудырып, қандай құрметке болса да лайық екенін жеткізді. Көмек алған отбасылар қайырымдық шарасын ұйымдастырушыларға ізгі тілектерін білдіріп, ақ жаулықты аналар ақ батасын беріп, алғыс айтты.

– Мен аудан кәсіпкерінің тарапынан жасалған күтпеген қайрымдылық үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді. Қазіргі қымбатшылық кезеңде жағдайы төмен отбасылар мен көп балалы аналарды ұмытпаған жөн. Әрине, мен өзімнің жасаған қателігімен қатты өкінемін. Жұмыссыз отырған адам отбасын асырау үшін түрлі әрекетке барады екен. Қазір өзімнің жасаған қателігіме қатты өкінемін. Төлеби аудандық пробация қызметінің инспекторлары менің түзелуіме өз септігін тигізіп келеді. Сонымен қатар, ауданда ұйымдастырылған осындай қайрымдылық шарадан қалдырмай қолдау көрсетіп жүргеніне алғыс айтамын, – деді ісі болған әйел.

**Раушан НАРБЕК**
*Түркістан облысы*


HABARLANDYRÝ

**Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

**Функционалдық міндеттері:** заңнамаға сәйкес кәсіпорынның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін басқарады. Кәсіпорынның негізгі қызметін ұйымдастыру, кадрлық және қаржылық мәселелерді шешу, кәсіпорынның су шаруашылығы құрылыстарын тиісті пайдалануды қамтамасыз ету, кәсіпорынның жоспарлы көрсеткіштерін бақылау және орындау. Халықтың және экономика салаларының қажеттіліктеріне сәйкес айқындалатын кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін дамытудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарды дайындау және мемлекеттік басқару органына енгізу. Кәсіпорын объектілерін салуға және қайта жаңартуға, оларды басқаруды жетілдіруге бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** «су ресурстары және суды пайдалану», «мелиорация», «жерді қалпына келтіру және қорғау», «гидрология», «экология», «гидрометеорология», «құрылыс», «гидротехникалық құрылыс және құрылыс», «гидромелиорация», «гидрогеология және инженерлік геология», «ауыл шаруашылығы құрылысы», «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс», «сумен жабдықтау және кәріз», құқық (құқықтану), құқықтану немесе заңгерлік, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит).

Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл. Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, 1-кіреберіс, анықтама телефоны 74-10-96, электрондық адрес бойынша a.bermagambetova@ecogeo.gov.kz тапсырылуы тиіс.

**Комитет по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан объявляет конкурс на занятие вакантной должности Генерального директора Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Нуринский групповой водопровод» Комитета по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан**

**Функциональные обязанности:** Руководит в соответствии с законодательством производственной, хозяйственной и финансово-экономической деятельностью предприятия. Организация основной деятельности предприятия, решение кадровых и финансовых вопросов, обеспечение надлежащей эксплуатации водохозяйственных сооружений предприятия, контроль и выполнения плановых показателей предприятия. Подготовка и внесение в орган государственного управления предложений об основных направлениях развития финансово-хозяйственной деятельности предприятия, определяемых в соответствии с потребностями населения и отраслей экономики. Участие в реализации инвестиционных проектов, направленных на строительство и реконструкцию объектов предприятия, усовершенствование управления им. Осуществление иных функций, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

**Требования к участникам конкурса:** «водные ресурсы и водопользование», «мелиорация», «рекультивация и охрана земель», «гидрология», «экология», «гидрометеорология», «строительство», «гидротехническое строительство и сооружение», «гидромелиорация», «гидрогеология и инженерная геология», «сельскохозяйственное строительство», «промышленное и гражданское строительство», «водоснабжение и канализация», право (юриспруденция), правоведение, или юридическое, социальные науки, экономика и бизнес (экономика, финансы, учет и аудит).

Стаж работы по специальности на руководящих должностях в соответствующей профилю предприятия не менее 5 лет. Конкурс проводится на основании Правил назначения и аттестации руководителя государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 70.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней с момента публикации данного объявления в средствах массовой информации по адресу: г. Нур-Султан, ул. Мәңгілік Ел, 8, 1 подъезд, телефон для справок 74-10-96, электронный адрес a.bermagambetova@ecogeo.gov.kz.

# ШЫҢҒЫС ХАН ҚЫЛЫШЫМЕН ЖЕТПЕГЕН ЖЕРГЕ БӨРТЕ ДУЛАТТЫҢ ҚАЛАМЫМЕН ЖЕТТІ

**Белгілі ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Иса Жаңа жыл – Барыс жылының алғашқы күндері әлемге әйгілі жазушы-драматург Дулат Исабекті «Ақ жол» партиясының Алаш арыстары құрметіне арнап шығарған «Қазақ Республикасына 100 жыл» алтын медалімен марапаттады.**



«Бөрте» драмасы үшін республикалық «Қазақ үні» ұлттық порталы-газетінің дәстүрлі «ЖЫЛ АДАМЫ» – «ЖЫЛ ДРАМАТУРГІ» номинациясын тапсырды.

– Дулат Исабек ағамыз «Бөрте» драмасы үшін республикалық «Қазақ үні» ұлттық порталы-газетінің дәстүрлі «ЖЫЛ АДАМЫ» – «ЖЫЛ ДРАМАТУРГІ» таңдауын басым дауыспен жеңіп алды, – деді Қазыбек Иса құттықтау сөзінде.

– Біз астанада «Бөрте» спектакліне билет алу үшін министрге дейін шығуға тура келіп, зорға таптық. Ал екі күн өткен премьераның екінші күні бір кәсіпкер жігіттердің «100 мың теңгеге болса да екі билет тауып беріңдерші» дегенін естіттік елден. Театрға кіру билетінің мұндай көп еселеніп көтерілгенін бірінші рет көрдік.

«Бөрте» – әлем назарын аударып отырған үздік драма. Басты ерекшелігі – әлемді билеген қаһарлы Шыңғыс ханға құнды кеңестер беріп, керек кезінде кемшілігін де бетіне айта алған жалғыз адам – төрткүл дүниені билеген төрт ұлының анасы – Бөртенің қайсарлығы мен данышпандығы, яғни Қазақ әйелінің үздік көркем шығарманың басты кейіпкеріне айналуы.

Бұл драма қазір бірнеше ел сахнасына дайындалып жатыр. Кезінде жарты әлемді жаулаған Шыңғыс хан қылышымен жетпеген жерге Бөрте жетті Дулат Исабектің қаламымен! – деді ақын Қазыбек Иса.

Біртуар тұлға, ардақты ағамыз да інісі Қазыбек Исаны «Адырна» ұлтық порталы ұйымдастырған Фейсбуктің миллионға жуық жазылушысы бар 7 тобындағы жалпыхалықтық дауыс беруде «ЖЫЛ АДАМЫ» – «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ДЕПУТАТЫ» атануымен арнайы құттықтап, құрметтеп шапан жапты!

– Қазыбек Иса Парламентке өзгеріс әкелді. Ұлттық мүддені қорғап, саңқылдап шығып жатқан депутаттық сауалдары елдің мұңын жеткізуімен және шешен тілде өткір айтылуымен ерекшеленіп отыр. Жалпы, халық үнін жеткізіп, қайрат танытып отырған «Ақ жол» партиясына Ақ жол тілеймін» – деді Дулат Исабек.

Дүлдүл қаламгер Дулат Исабектің биыл күзде толатын 80 жас мерейтойын атап өтуге көптеген елдер ықылас білдіруде.

Ағамызға зор денсаулық пен шығармашылық табыс тілейміз.

Жаңа жыл – Жақсылықтар жылы болғай!

Барыс жылы – табыс жылына айналсын!

Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Алла жар болсын!

Ақ жол!

**А. ТАСҚАРАУЛЫ,**
*«Қазақ үні»*



# ҚазҰУ НАУРЫЗДЫ сән-салтанатпен атап өтті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Наурыз мейрамын сән-салтанатпен атап өтті.**
**ҚазҰУ қалашығындағы көктем мерекесі Әл-Фараби кітапханасы алаңында шырша отырғызудан басталды. Универсиет ректоры Жансейіт Түймебаев шетелдік оқытушы-профессорлармен және факультет декандарымен бірлесіп қалашық аумағына 100-ге жуық шырша отырғызды.**

Ұлыстың Ұлы мерекесіне арнайы шақырылған меймандар университет аумағында құрылған 20 киіз үйді аралап, наурыз дастарханынан дәм татты. Аға буын өкілдері жастарға бата給рын беріп, шежіреден біраз сыр шертті.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. ҚазҰУ-дағы наурыз мейрамына келген қонақтардың қатарында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР ҰҒА Президенті Мұрат Жұрынов, ҚР Жоғарғы сотының экс Төрағасы Мұсабек Әлімбеков, мемлекет және қоғам қайраткерлері Амандық Баталов пен Бақытжан Сағынтаев және ЖОО ректорлары, белгілі ғалымдар, қаламгерлер мен БАҚ өкілдері болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Наурыз ынтымық пен бірліктің мерекесі екенін жеткізді.

«Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Бұл күні Жер-Ана қайта түлеп, дүние ерекше күйге енеді. Халқымыздың ұғымында әз-Наурыз жаңару мен жаңғырудың, үміт пен сенімнің символы. Көктемгі мерекеде достық пен татулық, қазақы қонақжайлық дәріптеледі. Ұрпақтар сабақтастығы салтанат құрады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіледі. Берекесі ұйыған егемен еліміздің болашағы жарқын болсын», – деді университет ректоры.

Мерекелік концерт арнайы дайындалған театрландырылған қойылыммен жалғасты. Көпшілік назарына тұсаукесер, қыз ұзату, беташар сынды қазақтың салт-дәстүрлері көрсетілді. Сондай-ақ, қазақ эстрадасының жұлдыздары мен университеттің өнерлі жастары ән айтып, би билеп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар, наурыз мейрамы аясында қазақтың ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, зергерлік бұйымдар мен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҚазҰУ-дағы Наурыз мейрамына қатысқан мемлекет және қоғам қайраткері Амандық Баталов «ҚазҰУ қалашығындағы наурыз мейрамына бірінші рет қатысуым. Ерекше көңіл-күйдемін. Барлығы жоғары деңгейде өтіп жатыр. ҚазҰУ жалынды және білімді жастардың ордасы. Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Еліміздің іргесі берік болсын», деп ақжарма тілегін білдірді.

Айта кетейік, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ұлыстың Ұлы күнін тойлау 14 наурыз – «Көрісу күнінен» бастау алған болатын. Апталық аясында «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні», «Жоралғы күні» өткізілді.

*qazaquni.kz*


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**

**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Зейнолла АБАЖАН**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген